



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ

МАМАНДЫҒЫ	051301 – «ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА»
СПЕЦИАЛЬНОСТЬ	051301 – «ОБЩАЯ МЕДИЦИНА»
SPECIALITY	051301 – «GENERAL MEDICINE»

ҚР МЖМБС 3.07.475-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана

Алғы сөз

- Қазақ мемлекеттік медицина академиясы **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы № 582 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**
- **АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН**
- Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389-І Заңының және «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту және қолданылу мерзімінің тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі № 1290 қаулысының нормалары іске асырылған.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы.....	1
2	Нормативтік сілтемелер.....	1
3	Анықтамалар мен қысқартулар.....	1
4	Мамандық аясындағы білім беру бағдарламасының тізбесі.....	2
5	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі.....	2
6	051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаты.....	3
7	Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаты және мақсаттар иерархиясы (пәндер циклдары бойынша мақсаты).....	21
8	Бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар.....	22
9	051301 - «Жалпы медицина» мамандығының білім беру бағдарламаларының мазмұны.....	24
10	051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушіні даярлау білім беру ортасына қойылатын талаптар.....	80
11	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жасауға, жаңартуға (өзгертуге, түзетуге) қойылатын талаптар..	84
	А қосымшасы.....	86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ

Жоғары кәсіптік білім

051301 - «ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА» МАМАНДЫҒЫ

Енгізу күні 2007.09.01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғарғы кәсіптік білім беру. Бакалавриат. Негізгі ережелері» негізінде жасалған және 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнына және бакалаврлардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарттың ережелерін ведомстволық бағыныстылығына, ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, көрсетілген мамандық бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қолдануға және сақтауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелеріне» келтірілген № 1 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері» және № 2 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 7.06.1999 Заңы, «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 4.06.2003 Заңы, «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР 7.07.2006 Заңы, «Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 24.04.06 жылғы № 317 қаулысына сілтемелер қолданылды.

3 Анықтамалар және қысқартулар

Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелеріне» сәйкес қысқартулар, терминдер мен анықтамалар қолданылған.

Ресми басылым

Осы стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- ЖББП - жалпы білім беру пәндері;
- БП – базалық пәндер;
- КП – кәсіптендіру пәндері;
- ОСЖ – оқытушылардың студенттермен жұмысы;
- СӨЖ – студенттердің өзіндік жұмысы;
- БМБ – базалық медициналық білім;
- ЖДП – жалпы дәрігерлік практика.

4 Мамандық аясындағы білім беру бағдарламасының тізбесі

Оқу бағдарламасының тізбесін 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде типтік оқу жоспарына сәйкес жоғары оқу орнының Кеңесі белгілейді.

5 Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі

Біліктіліктер мен лауазымдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 22.11.2002, № 273-П бұйрығымен бекітілген «Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» сәйкес және басқа да нормативті құжаттармен айқындалады.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша (5+2) оқуды тәмамдаған тұлғаға жоғары білімді білікті дәрігер дипломы беріледі. Осы дипломмен бірге оқу жоспары бойынша игерілген несие және академиялық сағаттар көлеміне сай меңгерген пәндер тізімі мен бағалары туралы академиялық анықтама (транскрипт) (транскрипт), интернатурада дайындықтан өткені туралы куәлік беріледі.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша (5+2) оқуды тәмамдаған бітіруші заң тұрғысынан бекітілген жалпы дәрігерлік практика немесе гигиена-эпидемиология бағытында дәрігер ретінде дербес практикалық қызмет етуге рұқсат беріледі.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша НМБ (5+2) бітірген бітіруші магистратура немесе резидентурада білімін жалғастыруға құқылы.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 5 жылдық оқуды тәмамдаған бітірушіге клиникалық іс-практикамен байланысты емес өз мамандығы бойынша жұмыс жасау үшін жоғары медициналық білімді «бакалавр» академиялық дәрежесіне иегер дипломмен бірге оқу жоспары бойынша игерілген несие және академиялық сағаттар көлеміне сай

менгерген пәндер тізімі мен бағалары туралы академиялық анықтама (транскрипт) беріледі. Медицина бакалавры оқуын магистратурада жалғастыра алады.

6 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіби қызметінің саласы

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің саласы денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, әлеуметтік қорғау болып табылады.

6.2 Кәсіби қызметінің объектілері

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің объектісі балалар мен ересектер болып табылады. Кәсіби қызметті іске асыру үшін мынадай ұйымдар болып табылады:

- денсаулық сақтауды басқару ұйымдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- білім беру ұйымдары;
- ғылыми ұйымдар;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары.

6.3 Кәсіби қызметінің мәні

Бітірушінің кәсіби қызметінің мәні мыналар болып табылады:

- неғұрлым кеңінен тараған ішкі ағзалар ауруларында ересектер мен балаларға білікті медициналық көмек көрсету;
- бастапқы медициналық-санитарлық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
- санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
- емделуші және оның ата-анасымен, медицина қызметкерлерімен, әлеуметтік қызмет өкілімен тиімді қарым-қатынасты қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- денсаулық сақтау ұйымдарының экономикалық-ұйымдастыру мен басқару қызметін жүзеге асыру және дамыту;
- ғылыми әдіснама мен айғақты медицина принциптерін дамыту және қолдану;
- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және педагогикалық дағдыларды дамыту;
- ұдайы өз білімін шыңдау және өзінің кәсіби қызметінде жаңа білім мен технологияны пайдалану.

6.4 Кәсіби қызметтің түрлері

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері мыналар болып табылады:

- емдеу-алдын алу және диагностикалық;
- санитарлық-гигиеналық, індетке қарсы;
- ұйымдық-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- білім беру (педагогикалық).

6.5 Кәсіби қызметінің функциясы

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің функцияларына мыналар жатады:

- бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету деңгейінде жоғары дәрежелі, білікті медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету;

- шұғыл және жедел көмекті ұйымдастыру мен көрсету;

- емделуші және оның ата-анасымен, медицина қызметкерлері, әлеуметтік қызмет өкілімен тиімді қарым-қатынас, медициналық этика принциптерін сақтау;

- халықтың денсаулық жағдайын талдау және бағалау;

- денсаулық сақтау ұйымдарын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастыру-басқару шараларын жүзеге асыру;

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;

- нақты ақпарат алу, медициналық проблемаларды шешу және халыққа көмек көрсету үшін нақты ақпараттық және коммуникациялық технологияны тиімді қолдану, денсаулық сақтау жүйесінде және дербес оқу кезінде бірыңғай ақпараттық жүйемен жұмыс істеу;

- педагогикалық және тәрбие жұмысын жүзеге асыру.

6.6 Кәсіби қызметінің типтік міндеттері

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітіруші мынадай кәсіби міндеттерді шешуге дайын болуы тиіс:

- халыққа медициналық (мамандандырылған, білікті) көмек көрсету;

- өмірге қауіпті шұғыл жағдайды анықтап және бастапқы медициналық көмек көрсету;

- емделушілерді үнемі бақылауды жүзеге асыру;

- сырқаттанудың алдын алу үшін алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру;

- салауатты өмір салты принциптерін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- өзінің кәсіби қызметіне медицина ғылымының жетістіктерін және жаңа емдік-диагностикалық технологияны қолдану;

- этика және деонтология принциптерін сақтай отырып, емделушімен және оның ата-анасымен, әріптестермен, басқа медицина

қызметкерлерімен, әлеуметтік қызмет өкілімен сенімді қарым-қатынас орнату;

- кәсіби қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологияны және дерекқорды, басқа да ақпараттар қорын пайдалану;
- халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда менеджмент принциптерін қолдану;
- өзінің кәсіби қызметінде үнемі білімі мен дағдыларын жетілдіру арқылы білікті маман иесі болу.

6.7 Кәсіби қызметінің бағыттары

- халыққа медициналық (мамандандырылған, білікті) көмек көрсету;
- санитарлық-гигиеналық, індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- ұйымдық-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

6.8 Кәсіби қызметінің мазмұны

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша дәрігердің кәсіби қызметінің мазмұны қызмет аясымен анықталады. Кәсіби қызметтің типтік міндеттерін шешу үшін халыққа білікті медициналық көмек көрсету, медицина саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу, медициналық білім беру саласында педагогикалық қызметті атқару, емдік-диагностикалық, алдын алу, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу қызметтерін жүзеге асыру.

6.9 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің негізгі қызметіне қойылатын талаптар

6.9.1 Медицина бакалавры:

түсінігі болуы керек:

- қоршаған ортадағы болып жатқан негізгі үдерістер мен құбылыстар және табиғат танудағы жаңа ғылыми әдістер туралы;
- ұлттық экономика мен өнеркәсіп салаларын басқару жүйесі туралы;
- Қазақстан және басқа мемлекеттердің экономиканы басқару әдістемелері мен тәсілдері, сыртқы экономикалық саясат туралы;
- экономика туралы заңдар және оның түрлері туралы;
- саясаттану, тарих ғылымдарының теориялық-әдіснамалық негіздері туралы;
- адам денсаулығының қалыптасуы, қорғаныш қабілеті, қалыпты және патологиялық жағдайларда реттелу ерекшеліктері туралы;
- денсаулық сақтау мен медицинаның негізгі проблемалары және оның басқа әлеуметтік саясат салаларымен байланысы туралы;
- халықаралық саясаттағы денсаулық сақтаудың маңызы туралы;
- кәсіби қызметті орындау кезінде кездесетін проблемаларды шешу әдістемелері туралы.

білуі керек:

- әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылым салалары бойынша негізгі ілімдерді;
- денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құжаттарын;
- адамның басқа тұлғамен, қоғамдағы, қоршаған ортадағы, кәсіби қызметтегі қарым-қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды;
- тіршіліктің басталуы мен дамуының жалпы заңдылықтары және организм жүйелері, ағза, жасуша, тіннің құрылымы мен қызметінің қалыпты, патологиялық жағдайдағы ерекшеліктерін;
- медициналық мекемелерде емдік-қорғау, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық шараларға қойылатын талаптарды;
- информатика мен биостатистика негіздерін;
- ұжымдағы шиленістерді, күйзелісті, инновациялық мәселелерді реттейтін психологиялық басқару жүйесінің тиімді әдістерін;
- халыққа емдеу-алдын алу көмек көрсету қызметінің негізгі принциптерін;
- ақпараттар негізі, республика денсаулық сақтау саласының тұтас ақпараттық жүйесі, электронды үкіметті;
- жас шамасына қарай адам организмі жүйелерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін;
- қалыпты және патологиялық жағдайда организм жүйелерінің өзара байланысы және реттелу деңгейлерін;
- патологиялық үдерістердің дамуына әкелетін негізгі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, мәдениет факторларын;
- молекулярлы биология мен генетика негіздері және дерт патогенезінде молекулярлы, генетикалық факторлардың алатын орнын;
- жиі кездесетін аурулардың эпидемиологиясын;
- кеңінен тараған аурулардың клиникалық көрінісін, диагностикалық және емдеу принциптерін;
- клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеулердің негізгі жаңа әдістерін;
- айғақты медицинаның негізгі принциптерін;
- өмірге қатерлі жағдайды анықтау және шұғыл көмек көрсету принциптерін;
- кеңінен тараған аурулардың алдын алудың негізгі принциптері мен халық денсаулығын нығайтатын іс-шараларды.

істей білуі керек:

- сырқат пен оның дертті туралы мәлімет жинап, сараптап, объективті зерттеу әдістерін қолдану арқылы дерттің жалпы және өзіне тән белгілерін анықтауды;

- сырқатты тексеріп, клиника-зертханалық және аспаптық зерттеулердің негізгі жаңа әдістерін қолдана отырып алынған мәліметтерге сараптама беруді;

- сырқат жағдайының ауыртпашылық дәрежесін анықтап, шұғыл көмек көрсетуді;

- емделушімен және оның ата-анасымен, медицина қызметкерлермен сенімді қарым-қатынасты қалыптастырып, жетік дағдыларды игеруді;

- жаңа компьютерлік технология негізінде медициналық-биологиялық мәліметтерді өндеудің негізгі әдістерін қолдануды;

- жүктілікті анықтап және физиологиялық босануға көмек көрсетуді.

дағдысы болу керек:

- жалпы қарау, пальпация, перкуссия және аускультация;

- артериялы тамыр соғуы мен қан қысымын өлшеу;

- «ауызға ауыз» «мұрынға ауыз» жасанды тыныс алдыру;

- жүректің жабық массаж жасау;

- коникотомияны орындау;

- сыртқа қан кетуді тоқтату;

- жараға алғаш тазартып, танғыш қою;

- теріге, бұлшық етке және көктамырға инъекция жасау;

- қан тобын анықтау;

- зондсыз асқазанды шаю;

- гипертоникалық кризді жою;

- ауырсыну синдромын жою;

- обструктивті синдромды жою;

- естен тану кезінде көмек көрсету;

- миокард инфаркты кезінде ЭКГ-ны талдау;

- қол-аяқты бекіту;

- беткей орналасқан бөгде затты алу.

жетік білуі керек:

- шұғыл жағдайды анықтау және алғашқы көмекті көрсету;

- пропедевтикалық және зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерін жетік білуге байланысты дерт белгілерін ерте анықтау;

- қалыпты жүктілікті анықтап, қарауды және босандыру тәсілдерін;

- кеңінен тараған аурулардың алдын алу және халық денсаулығын нығайту;

- ақпаратпен дербес жұмыс істеу (оқулық, мәліметші, нормативтік, ғылыми);

- денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүзеге асыру;

- жоғары медициналық білім беру мекемесінде оқу-тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру.

6.9.2 НМБ (5+2) - дәрігер 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушінің жетік маман болуына қойылатын талаптар.

6.9.2.1 **«Жалпы дәрігерлік практика»** мамандығы бойынша интернатура түлегі **білуге міндетті**, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- жалпы дәрігерлік практика жұмысын ұйымдастыру, бастапқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру менеджментінің негізі (БМСК);

- клиникалық жалпы дәрігерлік практикадағы айғақты медицина;
- халық сырқаттануына бірінші, екінші және үшінші алдын алу шараларын жүргізуді (дені сау, сырқат, олардың отбасы және ұжым мүшелері);

- амбулаториялық жағдайда ересектер, балалар, жүкті әйелдер мен қарттар денсаулығын кезеңдік бақылау, диагностикалық, салыстырмалы диагностикалық принциптері мен емдеу тәсілдерін;

- ішкі ағзалардың күрделі патологиялы немесе аз симптомды, әдеттен тыс ағымды аурулар түрлерімен ауыратын сырқаттарды анықтау принциптерін, арнаулы маманға немесе ауруханаға дер кезінде жіберуді;

- емдеуге жатқызуға дейін хирургиялық, акушерлік-гинекологиялық, педиатриялық, наркологиялық, психиатриялық, фтизиатриялық, онкологиялық, дерматовенерологиялық көмекті ұйымдастырудың жалпы принциптерін;

- кеңінен тараған хирургиялық аурулар мен жарақаттардың клиникалық симптоматикасын;

- жүктілік, босану, босанудан кейінгі кезеңдердің физиологиясы мен патологиясын, жиі кездесетін гинекологиялық аурулардың клиникасын;

- індет залалының төтенше жағдайында ошақты анықтап, елді мекенге медициналық көмек көрсету принциптерін.

орындай білуі керек:

- дәрігерлік амбулатория (ДА), емхана, БМСК орталықтарында бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін орта медициналық және басқа да қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруды;

- бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекеменің есеп-шот құжаттарын жүргізуді;

- айғақты медицина негізінде кезеңді хаттамаларды қолдануды;

- зертханалық-аспаптық, кескінді зерттеу әдістерін тағайындау және алынған мәліметтерді сараптауға жауапкершілікпен қарауды;

- кеңінен тараған хирургиялық патологиялар мен жарақаттарға, акушерлік және гинекологиялық жағдайға, педиатриялық, наркологиялық, психиатриялық, фтизиатриялық, онкологиялық, жұқпалы, дерматовенерологиялық патологияларға көмек көрсетуді;

- індет залалының төтенше жағдайында елді мекенге бастапқы медициналық көмек көрсетуді;

- жас балаларды тамақтандыру (омырау сүтімен коректендіру, үстеме коректендіру), психикалық-әлеуметтік даму, шынықтыру, мектепке дейінгі мекемелер мен мектепке дайындау туралы сұрақтарға кеңес беруді;

- отбасылық этика, психология, контрацепция, медициналық-генетика және медициналық-жынысты аспектілеріне ақыл-кеңес беруді;

- санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлерімен бірге жұқпалы ошақтарда індетке қарсы шараларды ұйымдастыруды;

- әлеуметтік қорғау және қоғамдық қайырымдылық ұйымдармен бірлесе отырып, жалғыз басты адамдар, қарттар, мүгедектер, сырқаттарға күтім жасап, интернат үйіне, хосписке орналастыруды ұйымдастыруды;

- емделушілердің уақытша еңбекке жарамсыздығына сараптама жасап, оларды МӘСК-ке жіберу, еңбекке жарамдылығын анықтап жеңіл жұмыстарға ауыстыру, санаторий-курорттық емдеу орындарына жіберуді.

дағдысы болу керек:

- емделуші мен оның туыскандарымен, әріптестерімен және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым-қатынас қалыптастыру, емделушіге барлық мәліметтерді қорытындылап түсіндіріп беру, дерттің болжамына қарамастан, сырқаттың жан дүниесіне күйзелісін жеңілдетуді;

- емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде төтенше және шұғыл көмек көрсету;

- резус факторды экспресс әдіспен анықтау, қанның жеке және биологиялық сәйкестігі;

- дәрілер мен қан алмастырғыштарды тамшылатып немесе ағыспен құю;

- ЭКГ-ге түсіру және талдау;

- пикфлоуметрия, спирометрия жүргізу;

- зонд арқылы асқазанды шаю;

- тік ішекті саусақпен тексеру;

- аталық бездерді саусақпен тексеру;

- сүт бездері пальпациясы;

- қалқанша безінің пальпациясы;

- зертханалық зерттеулер:

- жұтқыншақтан, уретрадан, қынаптан, жатыр мойнынан, тік ішектен, тері іріңдерінен және т.б. жағынды алу; диагностикалық экспресс әдістерді жүргізу; қан анализдерін тексеру: лейкоциттерді санау, Нв деңгейін анықтау;

- шұғыл көмек көрсетуге арналған шаралар: жүрек қуысына дәрілік заттарды жіберу; сұйықтықпен аспирация кезінде және т.б. жоғарғы

тыныс жолдарын тазалау тәсілдері; трахеотомия, трахеостомия; дефибриляция.

- хирургиялық іс-шаралар: өкпе плеврасына диагностикалық және емдік мақсатта пункция жасау; новокаин блокадасын жасау; операциялық тіліктен жіпті суыру; күйікті беткей және жұқтырылған жараны тазарту; жұмсақ таңғыш қою; төменгі жақ сүйегі мен иық сүйегін орнына салу; түтікті сүйек, бұғана, омыртқа сынықтарын тасымалдауға арнап бекіту; панариция мен паронихияның бетін ашу; шикан, гидраденит, тері мен теріасты май қабаттарындағы іріңдерді ашу; қуықты катетерлеу; ашық пневмоторакс кезінде герметикалық таңғыш қою; кернеуленген пневмотообоырс кезінде плевра қуысына пункция жүргізу;

- неврология саласында қолданылатын ептілік пен іс-шаралар: қимыл-қозғалыстың сапалығын тексеру (дене тұрысы, бұлшық ет тонусы, бұлшық еттің семуі); сезімталдықты тексеру; сіңір рефлекстерін зерттеу; үйлесімді қозғалысты бағалау.

- оториноларингологиялық зерттеулер: маңдайлы рефлектор көмегімен ЛОР ағзаларын қарау икемділіктерін үйрену; алдыңғы риноскопия, фарингоскопия, отоскопия, тура емес ларингоскопия; мұрыннан қан кетуді тоқтату (мұрынға алдыңғы тампонада жасау); сыбырлау және дыбыстау арқылы естуді анықтау; бадамша бездері астаушаларын шаю және зондтау; жұтқыншаққа дәрілік заттарды жағу; құлақ тазалығы.

- офтальмологиялық зерттеулер мен іс-шаралар: көру жітілігін, көру түстерін, көру аймағын анықтау; көз түбін қарау; тонометрия; конъюнктивті қуысты шаю; бактериологиялық зерттеуге конъюнктивалды қуыстан жағынды алу.

- акушерлік, гинекология және неонатологиядағы ептілік пен іс-шаралар: қынапты екі қолмен тексеру; ректалды зерттеу; қынап айналарын кіргізу, цервикалды өзекті қарау, жағын алу; жүктілікті анықтау; жатырішілік контрацептива енгізу; сыртынан акушерлік зерттеу, ұрық жүрек соғысын бағалау; физиологиялық жүктілік пен босануды жүргізу; босанудан кейінгі жағдайды бағалау; нәрестені қарау; Аппараттық бойынша нәресте жағдайын бағалау; нәрестенің алғашқы реанимациясы; нәрестенің алғашқы тазалығы; кіндікті өңдеу; нәрестенің неврологиялық статусын бағалау; нәрестенің физикалық және психомоторлы жағдайын бағалау.

жетік білуі керек:

- емханада, дәрігерлік амбулаторияда (ДА), бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) орталықтарында медицина қызметкерлерін жұмыспен қамтамасыз ету;

-бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) ұйымдастырудағы есеп-шоттық құжаттарды жүргізу, бекітілген елді мекеннің денсаулық жағдайына статистикалық талдау жүргізу;

-жалпы дәрігерлік практика аясында қолданылатын нормативтік-құқықтар құжаттар мен заңдар;

-неғұрлым кеңінен тараған хирургиялық патологиялар мен жарақаттар, акушерлік-гинекологиялық, педиатриялық, наркологиялық, психиатриялық, фтизиатриялық, онкологиялық, жұқпалы, дерматовенерологиялық патологияларға алғашқы көмек көрсету;

-індет залалының төтенше жағдайында елді мекенге алғашқы медициналық көмек көрсету;

-емделуші мен оның туысқандарымен, әріптестермен және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым қатынас қалыптастыру;

-санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлерімен бірге жұқпалы ошақтарда індетке қарсы шараларды ұйымдастыру;

-әлеуметтік қорғау және қоғамдық мейірімділік ұйымдармен бірлесе отырып жалғыз басты адамдар, қарттар, мүгедектер, сырқаттарға күтім жасап, интернат үйіне, хосписке орналастыруды ұйымдастыру;

-емделушінің уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын;

-ДА қызметінің өзекті мәселелеріне, тұрғындардың денсаулығы мен сырқаттану көрсеткіштеріне медициналық аудиторлық сараптама жасап, халықаралық диагностика мен емдеу хаттамаларын өз практикасында қолдану.

6.9.2.2 «Гигиена және эпидемиология» саласындағы дайындық бойынша бітіруші білуге міндетті, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдар негізі, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, санитарлық, табиғатты қорғау заңдарының негізі;

- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының іс-әрекетінің құқықтық негізін;

- халықтың денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін есептеу әдістерін бағалауды;

- емдеу-алдын алу және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер қызметінің экономикалық ұйымдастыру аспектілерін;

- халықтың әр топтарының ұтымды тамақтануының теориялық, практикалық негізі және жұқпа, жұқпалы емес алиментарлы аурулардың алдын алуды;

- өндірістің зиянды факторларының адам организміне әсер ету механизмі, кәсіпке байланысты аурулардың түрлері және медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелерін;

- халық денсаулығына қоршаған ортаның әсер ету механизмін;

- төтенше жағдайда санитарлық-эпидемиологиялық шараларды ұйымдастыру принциптерін;

- халық арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың басталу мен таралу қаупінің себептері, шарты және алдын алуды;
- індеттік үдерістің даму заңдылықтары мен механизмі; оның белсенділігіне табиғи, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың, урбанизацияның әсерін;
- әртүрлі жұқпалы және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық сараптау мен бақылаудың негізгі принциптері, жұқпаның табиғи ошақтарының географиялық таралуы, оны бақылау әдістерін;
- алдын алу және індетке қарсы шараларды ұйымдастыру, жүргізу ережелерін.

орындай білуі керек:

- ауруларға күнделікті және ретроспективті індеттік сараптама жүргізу, алдын алу және індетке қарсы шаралардың жоспарын құрастыруды;
- аурухана ішілік жұқпаларға бақылауды іске асыруды;
- жұқпалы аурулардың деңгейін төмендету және алдын алуға арналған, аса қауіпті жұқпалардың тасымалдануы мен таралуын ескертегін кешенді шараларды ұйымдастыруды;
- жұқпалы, паразитарлы, АҚТҚ/ЖҚТБ, әлеуметтік елеулі ауруларға эпидемиологиялық қадағалауды іске асыруды;
- эпидемиологиялық үдерістің сандық, сапалық сипатын бағалауды;
- санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың асқынуы кезінде әртүрлі нысандардың гигиена-эпидемиологиялық жағдайын бағалауды;
- белгілі бір аймақты сумен қамтамасыз ету және суды қолдану ерекшеліктерін ескере отырып су жолымен таралатын жұқпалардың алдын алатын шаралар тиімділігін бағалауды;
- халық арасында жұқпа таралу жолдарының қауіптілік шамасын бағалау;
- ошақта эпидемиологиялық зерттеулер жүргізуді;
- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінің әртүрлі деңгейлерінде басқару шешімдерін қабылдауды;
- қоршаған орта және өндірістік нысандарды күнделікті, ескертпелі санитарлық-гигиеналық қадағалауды іске асыруды;
- өмір сүру ортасы мен кәсіптік қызмет нысандарының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының көрсеткіштерін бағалауды;
- өндірістегі жұмысшыларды жұмыс орнында аттестаттаудан өткізуді;
- ауа атмосферасы, топырақ, су, азық-түлікті гигиеналық бағалауды;
- өндіріс пен кәсіп ерекшелігіне байланысты ауруларды зерттеп бағалап, алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруды;

- оқу-тәрбие өмір сүру ортасы факторлар әсеріне байланысты балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын, физикалық дамуын бағалау, сауықтыру шараларын дайындау және жүргізуді;

- халықтың радиациялық қауіпсіздігін ұйымдастыру кезінде дозиметриялық бақылауды және негізгі кешенді шараларды жүргізуді;

- халық арасында салауатты өмір салтын ұйымдастыруды.

дағдысы болу керек:

- компьютерлік технологияны қолдана отырып есеп-шот құжаттарын жүргізу;

- гигиена және эпидемиология саласында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды іске асыру;

- бақылаудағы нысандарға санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу;

- өмір сүру ортасының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына байланысты ересектер мен балалардың денсаулық деңгейін бағалау;

- тағамнан және кәсіптік улану кезіндегі ауруларға тексеру жүргізу;

- жұқпалы дерт ошағына эпидемиологиялық зерттеу жүргізу;

- табиғаттың әртүрлі төтенше жағдайларында жұмыс жүргізу;

- ғылыми зерттеулерді жүргізу.

жетік білуі керек:

- республика халқының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны қорғау, еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы, балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы, радиациялық қауіпсіздігіне күнделікті және ескертпелі санитарлық-гигиеналық қадағалауды іске асыру;

- санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;

- жұқпалы аурулар ошағында, аймақтық табиғи-ошақта, емдеу-алдын алу, балалар мекемесінде індетке қарсы және алдын алу шараларын жоспарлау, жүргізу;

- санитарлық-эпидемиологиялық қызмет аясындағы құқықтық-нормалар мен заңдар жүйесі;

- халықтың денсаулығы мен өмір сүру ортасының гигиеналық көрсеткіштерін статистикалық бағалау;

- санитарлық-эпидемиологиялық қызметі мен қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің интеграциясы.

6.9.2.3 «Ішкі аурулар» саласындағы дайындық бойынша бітіруші білуге міндетті, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- елімізде терапиялық көмекті ұйымдастырудағы, аурухана-емханалық мекемелер жұмысындағы, ересектер мен балаларға жедел жәрдем көрсету жұмысын ұйымдастырудағы жалпы проблемаларын;

- негізгі терапиялық аурулардың клиникалық симптоматикасы, олардың диагностикасы, емдеу принциптері, алдын алу, терапиялық клиникадағы өтпелі жағдайдың клиникалық симптоматикасын;
- ішкі аурулар клиникасындағы фармакотерапия негізі, дәрілер қолдану кезінде байқалатын асқынулар және оны реттеу әдістерін;
- дені сау тұлғаның ұтымды тамақтану негізі, терапиялық сырқаттарға арналған диетотерапияның принциптерін;
- физиотерапия негізі, санаторий-курортты емге көрсетулер мен қарсы көрсетулерін;
- уақытша және мүлдем еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу мәселелерін;
- дені сау адамдар мен сырқаттарды диспансерлік бақылау, алдын алу мәселелерін;
- жұқпа ошағы пайда болған жағдайда жүргізілетін індетке қарсы шараларын.

істей білуі керек:

- хаттамаларға сәйкес терапиялық патологиямен сырқаттарды аспаптық және зертханалық зерттеу әдістерін тағайындауды;
- қосымша тағайындалған зерттеу әдістемелері нәтижесін талдауды;
- салыстырмалы диагностика жүргізу арқылы клиникалық диагнозды негіздеуді;
- арнаулы стандартқа сәйкес тиімді ем тағайындауды;
- дені сау адам мен сырқатты диспансерлік бақылауға алуды;
- денсаулық сақтаудағы заң жүйесіне сай медициналық құжаттарды жазуды;
- жұқпалы дерт анықталған кезде қажетті індетке қарсы шараларды жүргізуді.

дағдысы болу керек:

- өмірге қауіп төндіретін жағдайды анықтау, алғашқы шұғыл көмекті көрсету (коллапс, естен тану, сыртқы қан кетулер, қысымды пневмотообырс, шок, қол-аяқтың сынығы, улану, күйік, асфиксия, клиникалық өлім);
- ЭКГ түсіру және талдау;
- пикфлоуметрия жүргізу, оның нәтижелерін талдау;
- спирометрия нәтижелерін талдау;
- іш және плевра қуысына пункция жасау;
- қан тобы және резус факторын анықтау, донор мен реципиент қандарының сәйкестігін анықтайтын сынықтарды жүргізу;
- медициналық шараларды жүргізу (инъекцияның барлық түрлері, қуық катетеризациясы, асқазанды зондтау мен шаю, сифонды, тазалағыш клизмаларды және т.б.).

жетік білуі керек:

- дәрігерлік қызмет аясындағы нормативтік-құқықтар мен заңдар, есеп-шот құжаттарын жүргізу, бекітілген елді-мекен денсаулығына статистикалық сараптама жүргізу;
- емделушімен, оның туыскандарымен, әріптестермен және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым қатынас қалыптастыру;
- жиі кездесетін ішкі ағзалар ауруларын анықтауда зертханалық, аспаптық зерттеулердің жаңа тәсілдерін қолдана отырып салыстырмалы диагностика жүргізу, емі, оңалту, алдын алу;
- індет залалының төтенше жағдайында елді мекенге бастапқы медициналық көмек көрсету;
- уақытша және мүлдем жұмысқа жарамсыздыққа сараптама жүргізу;
- салауатты өмір салты бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

6.9.2.4 «Хирургия» саласындағы дайындық бойынша бітіруші **білуге міндетті**, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- хирургия бөлімшесіндегі дәрігер-ординатордың функциялы міндеттері;
- ересектер мен балаларға жедел және шұғыл хирургиялық көмекті ұйымдастыру принциптерін;
- азаматтық қорғаныс пен әскери-далалық хирургиясының медициналық қызметін ұйымдастыру принциптерін;
- дене бітімнің негізгі аймақтарының топографиялық анатомиясы, клиникалық анатомияның жастық, жыныстық жеке ерекшеліктері;
- хирургия саласындағы сырқаттарды зерттеудің жалпы клиникалық және арнаулы әдістерін;
- сырқатты (ересектер мен балаларды) операцияға дайындау принциптері, операциядан кейінгі кезеңді жүргізілуін;
- стационар жағдайында және бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мекемесінде ересектер мен балалардағы негізгі хирургиялық аурулар және жарақаттардың клиникалық симптоматикасын, диагностикасын, салыстырмалы диагностикасын, емі мен профилактикасын жүргізілуін;
- қатерлі ісіктер, урологиялық аурулар, жарақаттар, оториноларингология және офтальмологиядағы жіті аурулардың семиотикалық ерекшеліктері, диагностикасы мен емін;
- ересектер мен балалардағы хирургиялық ауруларды жалпы жансыздандыру, қарқынды емдеу, реанимациялық принциптерін;
- кеңінен тараған хирургиялық қатысулар мен дәрігерлік іс-әрекеттердің орындалу техникасын;
- уақытша және мүлдем жұмысқа жарамсыздыққа сараптама жүргізу мәселелерін;

- хирургиялық сырқаттардың оңалту, диспансерлеу принциптерін.

істей білуі керек:

- салыстырмалы диагностиканы жүргізу, клиникалық диагнозды негіздеу, сырқаттарды емдеу тәсілдері, операцияға көрсетулер мен қарсы көрсетулерді;

- арнаулы зерттеу әдістерін қолданудың қажеттілігін анықтауды;
- кеңінен тараған хирургиялық, онкологиялық, урологиялық аурулар мен қимыл-қозғалыстың, ЛОР-ағзалары, көру ағзаларының жарақаттары кезіндегі ересектер мен балалардағы операциялық-анестезиологиялық қауіптілікті бағалауды;

дағдысы болу керек:

- өмірге қауіп төндіретін жағдайды анықтау, алғашқы шұғыл көмекті көрсету (коллапс, естен тану, сыртқы қан кетулер, қысымды пневмотообырсы, шок, қол-аяқтың сынығы, улану, күйік, асфиксия, клиникалық өлім);

- инфузия-трансфузиялық терапия;
- шығып кеткен буынды орнына салу;
- ЛОР ағзалар мен көзден бөгде затты алып тастау;
- жергілікті инфильтрациялық анестезия мен новокаинды блокаданы іске асыру (саусақ нервтері, қабырғааралық нервтер, вагосимпатикалық, бауырдың дөңгелек тарамысы, жыныстық түтікше, паранефралды, Роман бойынша, Школьников бойынша);
- хирургиялық операция кезінде ассистент болу;
- күрделі емес операциялық іс-әрекеттерді дербес орындау;
- медициналық құжаттарды жазу, өз жұмысына есеп беру.

жетік білуі керек:

- дәрігерлік қызмет аясындағы нормативтік-құқықтар мен заңдар, есеп-шот құжаттарын жүргізу, бекітілген елді-мекен денсаулығына статистикалық сараптама жүргізу;

- емделушімен, оның туысқандарымен, әріптестер және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым қатынас қалыптастыру;

- жиі кездесетін хирургиялық ауруларды анықтауда зертханалық, аспаптық зерттеулердің жаңа тәсілдерін қолдана отырып салыстырмалы диагностика жүргізу, емі, оңалту, алдын алу;

- індет залалының төтенше жағдайында елді мекенге алғашқы дәрігерлік және хирургиялық көмек көрсету;

- уақытша және мүлдем жұмысқа жарамсыздыққа сараптама жүргізу;
- салауатты өмір салты бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

6.9.2.5 «Педиатрия» саласындағы дайындық бойынша бітіруші білуге міндетті, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- мемлекетімізде педиатриялық көмекті ұйымдастырудың жалпы мәселелері, балаларға медициналық көмек көрсетуге арналған ауруханалық-емханалық мекеменің, перзентхананың, мектепке дейінгі мекеменің, мектептің, балалар үйінің, бала санаторийсының, шұғыл көмек пункттің, жедел жәрдем бекеті жұмысын;

- жас шамасына байланысты балалардың физикалық және нерв-психикалық дамуы, балаларды гигиеналық тәрбиелеу, оқыту мәселелерін;

- балаларды рационалды көректендіру және тамақтандыру принциптерін;

- дені сау балалар мен жасөспірімдерді диспансерлеу принциптері, денсаулық топтары және «қауіп» топтары бойынша балаларды топтауды;

- балалардың шекаралық жағдайын, негізгі аурулардың жаңа жіктемесі мен клиникалық симптоматикасын, соматикалық және жұқпалы аурулардың этиологиясы мен патогенезін;

- негізгі соматикалық, жұқпалы аурулар мен патологиялық жағдайларды емдеудің жаңа әдістерін;

- балаларға қолданылатын фармакотерапияның негізін;

- амбулатория және стационарда қарқынды терапия мен реанимацияны ұйымдастыру принциптерін;

- әртүрлі аурулар кезіндегі оңалту, диспансерлік бақылау мен алдын алу мәселелерін;

- жетекші нұсқауларға сәйкес сырқат балалар күтіміне орай еңбекке жарамсыздық парақ пен анықтамаларды беру ережелерін;

- балалар денсаулығын қорғауға арналған санитарлық-гигиеналық, алдын алу және жұқпа ошағының шығуына байланысты індетке қарсы шараларын;

- балалар және ата-аналарға санитарлық ағарту жұмысын жүргізуді (жүкті әйелдер мен ерте жастағы балалар күтімі).

істей білуі керек:

- ақыл-кеңес беруді; ДДҰ бойынша баланың физикалық және нерв-психикалық дамуын бағалауды;

- ДДҰ бойынша әртүрлі жастағы балалардың тәуліктік қабылдайтын тамақтағы негізгі ингредиенттердің көлемі мен калориясын есептеуді;

- ДДҰ бойынша денсаулық тобына қарай балаларды бағалау, қауіп тобына жататын балаларды анықтау, тәрбиелеу мен тамақтандыру тәсілдерін;

- диагнозды негіздеуге қажетті зертханалық-аспаптық және басқа да зерттеулерді тағайындауды;

- зертханалық және арнаулы диагностикалық әдістер мәліметтеріне клиникалық баға беруді;

- ЭКГ, ФКГ, УДД мәліметтеріне талдау жасауды;
- емдеуге жатқызуға көрсеткішті анықтауды;
- хаттамаларға сәйкес тиімді ем тағайындауды;
- шұғыл жағдайлар мен төтенше індетке қарсы шараларды іске асыруды.

дағдысы болу керек:

- қажетті медициналық құрал-жабдықтарды қолдану: антропометриялық жыйынтық, Бобров аппараты, ингаляцияға арналған аппарат, электросорғыш, «Амбу» тыныс алу қабы, оттекті бөлме, интубациялық түтік, дренажды жүйе және т.б.;
- пикфлоуметрия жүргізу және нәтижесіне талдау беру;
- трахеотомия;
- іш және плевра қуысына пункция жасау;
- қан тобы мен резус факторын анықтау, донор мен реципиент қандарының сәйкестігін анықтайтын сынықтарды жүргізу;
- медициналық іс-шараларды жүргізу (инъекцияның барлық түрлерін, қуық катетеризациясын, асқазанды зонттау мен шаюды, сифонды, тазалағыш клизмаларды және т.б.).

жетік білуі керек:

- дәрігерлік қызмет аясындағы нормативтік-құқықтар мен заңдар, есеп-шот құжаттарын жүргізу, балалар денсаулығына статистикалық сараптама жүргізу;
- сырқат бала мен оның туысқандарымен, әріптестер және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым қатынас қалыптастыру;
- әртүрлі жастағы балалардың физикалық және нерв-психикалық дамуына баға беру, рационалды тамақтандыру, иммундық алдын алу, диспансерлік бақылау;
- балаларда жиі кездесетін соматикалық және жұқпалы ауруларды анықтауда зертханалық, аспаптық зерттеулердің жаңа тәсілдерін қолдана отырып салыстырмалы диагностика жүргізу, емі, алдын алу;
- індет залалының төтенше жағдайында балаларға бастапқы медициналық көмек көрсету;
- салауатты өмір салты бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

6.9.2.6 «**Акушерлік және гинекология**» саласындағы дайындық бойынша бітіруші **білуге міндетті**, 6.9.1 т. мазмұнына толықтырулар:

білуі керек:

- акушерлік және гинекологиядағы заңды құқықтардың негізі, әйел еңбегін қорғайтын заңдарын;
- акушерлік, гинекология, перинатологиядағы зерттеу және ем көлемінің салалық стандарттарын;

- мемлекетте, аймақта, емдеу-алдын алу мекемедегі ана және перинаталды, сәби өлімінің көрсеткіштері мен құрылымы, осы көрсеткіштерді төмендету шараларын;

- дене бітімнің топографиялық анатомия негізін: алдыңғы іш қабырғасы, құрсақ аймағы, артқы құрсақ аймағы, кіші жамбас аймағы, урогениталды аймақ;

- жүктілік, босану, босанудан кейінгі кезеңнің физиологиясы мен патологиясын;

- акушерлік-гинекологиялық патологиялары даму қауіп топтарын;

- әйел организмi қызметiне экологиялық және өндірістік факторлардың әсерін;

- әйелдің менструациялық қызметінің физиологиясы мен патологиясы, оның организмнің функциялы жүйесімен байланысы, реттелу деңгейін;

- жасына сәйкес әйел организмiнiң қалыптасуы, жас шамасына байланысты репродуктивті жүйе ағзаларының негізгі анатомиялық және функциялы өзгерістерін;

- қыздар мен жасөспірімдердегі репродуктивті жүйенің бұзылыстарын;

- әйел затындағы қатерсіз және қатерлі ісіктердің клиникалық симптоматикасы, оның диагностикасы; әйелдерге ісіктердің алдын алу мақсатындағы онкологиялық сақтықтар негізін;

- акушерлік, гинекология, перинатологиядағы шұғыл жағдайлардың клиникалық белгілері, емі, алдын алун;

- акушерлік мен гинекологиядағы асептика, антисептика мәселелерін;

- акушерлік, гинекология, перинатологиядағы қарқынды емі мен реанимация негізін;

- акушерлік – гинекологиядағы фармакотерапия негізі, дәрілік заттардың ұрық пен нәрестеге әсерін.

істей білуі керек:

- жүктілік мерзімін қояды, жүктілік жағдайы мен мүмкін бұзылыстарды анықтау, кешенді алдын алу, емдік шараларды іске асыруды;

- осы жүктілік ағымы және де алдыңғы жүктілік пен босанулардың ағымы, нәтижесі туралы ақпарат алу, жүктілік пен босану нәтижесін дәлдікпен болжауды;

- қыздар мен әйелдердегі акушерлік, гинекологиялық аурулардың даму қауіп факторларын анықтап, алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруды;

- жүктілік патологиясының ерте және кеш белгілерін анықтауды (түсік қаупі, гестоз, анемия және т.б.);
- физиологиялық босануды жүргізуді;
- операцияға дайындық пен операциядан кейінгі сырқаттарды емдеуді, оңалтуды;
- коматозды жағдайға салыстырмалы диагностика жүргізу (гипогликемиялық, эклампсиялық, эклампсиядан кейінгі, жүкті жатырмен аортокавалды компрессия және т.б.) мен шұғыл көмек көрсетуді;
- жүктілікті үзуге медициналық көрсетулерді анықтауды;
- босанудан кейінгі ағымды бағалауды, асқынуларды анықтау және сақтандыру емдік шараларды ұйымдастыруды;
- жүктілік пен босануға қарсы көрсетулерді анықтау, жүктілікті үзуге құжаттар дайындауды, жүктілік үзуден кейін оңалту шараларын ұйымдастыруды;
- пациенттің еңбекке жарамдылығы туралы мәселені шешуді;
- медициналық құжаттарды жүргізу және емдеуші мекемелер арасындағы бір ізділікті іске асыруды;
- жоспарсыз жүктіліктің алдын алу іс-шараларын;
- жасөспірімдер контрацепциясы мен жыныс жолдарымен берілетін аурулардың алдын алу шараларын жүргізуді;
- жүкті әйелдер мен гинекологиялық сырқаттарды диспансерлеуді іске асыру және оның тиімділігін бағалауды;
- акушерлік және гинекологиялық дерт дамуын ескертуді;
- жүктілік кезінде дәрілік заттар тағайындауға көрсетулер мен қарсы көрсетулерді анықтауды.

дағдысы болу керек:

- қыз бала, жасөспірім қыз, әйелдің физикалық дамуын бағалау, әйел организмнің функциялы жағдайы;
- кольпоскопия;
- диагностикалық мақсатта жатыр қуысын қырып тазалау;
- классикалық қолмен көмектесу;
- гипотания кезіндегі жатыр массажы;
- аралық перденің, қынаптың, жатырдың жыртылуын тігу;
- бала жолдасын қолмен ажыратып алып шығу;
- жатыр қуысын қолмен тексеру;
- қынаптың артқы қабырғасы арқылы іс қуысына пункция жасау;
- амниотомия;
- көзделген биопсия;
- жатыр мойынындағы полипті алу;
- қуық катетеризациясы;
- қан тобы мен резус факторын анықтау, донор мен реципиент қандарының сәйкестігін анықтайтын сынақтарды жүргізу.

жетік білуі керек:

- дәрігерлік қызмет аясындағы нормативтік-құқықтар мен заңдар, есеп-шот құжаттарын жүргізу, әйел заты денсаулығына статистикалық сараптама жүргізу;
- емделуші мен оның туыскандары, әріптестер және басқа да қызметкерлермен сенімді қарым қатынас қалыптастыру;
- жүктілік мерзімін қоюды, жүктілік жағдайы мен мүмкін асқинуларды анықтау;
- физиологиялық босандыруды жүргізу, босанудың кейінгі тәсілдер, асқинулардың алдын алу;
- контрацепцияның жаңа әдістері, әсіресе жасөспірімдердегі жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу;
- қыздар мен әйелдерде жиі кездесетін гинекологиялық ауруларды анықтауда зертханалық, аспаптық зерттеулердің жаңа тәсілдерін қолдана отырып салыстырмалы диагностиканы жүргізу, емі, алдын алу;
- пациенттің еңбекке жарамсыздығын анықтау;
- салауатты өмір салты бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

7 Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаты және мақсаттар иерархиясы (пәндер циклдары бойынша мақсаты)

Жоғары білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаттары әрбір адамға білім алудың түрін, мерзімін тандап алуға кеңінен мүмкіндіктер жасау арқылы жан-жақты жоғары білімді, интеллектуалды, өздерінің кәсіби қабілетін іске асыра алатын мамандар даярлау. Ұлттық жоғары білім берудің концептуалды негізі жалпы медицина дәрігерін жоғары кәсіптік деңгейде дайындау және де болашақ мамандардың жан-жақты терең білім алуына бағытталған. Осы тұрғыда жалпы медицина дәрігерінің кәсіби қызметін жалпы интегралды әдістемелерімен қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби жасампаз қабілеттің дамыту арқыла әрқашан білімдерін жетілдіруге деген талпыныстарын қалыптастыру.

Жалпы білім беру пәндер циклдерінің бағыттары:

- медициналық өзекті мәселелерінің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, мәдени ерекшеліктерін түсінуге қажетті білім қорына ие болуына;
- қоғам алдында дәрігер өз жауапкершілігін түсіну және медициналық этика принциптері негізінде сенімді қарым қатынас икемділіктерін қалыптастыруына.

Базалық пәндер циклдерінің оқыту бағыты биомедициналық ғылым қоры саласындағы ғылыми тұжырымдамаларды, әдістемелерді

қалыптастыру мен меңгеруге, осы ғылымдардың жетістіктерін қолдана отырып клиникалық ғылыми білім деңгейін жетілдіріп, оны іс-практикада қолдануға арналған.

Кәсіптендіру пәндер циклдерінің бағыттары:

- клиникалық пәндер саласында білім мен біліктілікті жетілдіруге;
- клиникалық ойлауды дамытуға;
- айғақты медицинаны қолдана отырып емделушінің мәселелерін шешуге, шешім қабылдауға, денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандармен бірлесе отырып халыққа білікті медициналық көмек көрсету.

8 Бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар

8.1 Жалпы білім беруге қойылатын талаптар

Бітіруші білуге міндетті:

- қазіргі заманның рухани, мәдени, интеллектуалды, экологиялық құндылықтар негізін бағалауды;
- идеялық қайшылықтарды сын көзбен саралап, өзінің кәсіби қызмет саласындағы мәселелерге тиімді шешім қабылдауға;
- кең ой өріс негізінде қоғам алдындағы өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарауға;
- салауатты өмірдің ғылыми танымдарына жетік;
- дене шынықтырудың дағдылары мен тәсілдерін білуге;
- жоғары мәдениетті;
- өз мамандығының әлеуметтік маңызын түсінетін, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруға тиіс.

8.2 Әлеуметтік-этикалық құзіреттілікке қойылатын талаптар

Бітіруші білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңдарының негіздерін, әлеуметтануды меңгерген, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру мен этикалық, құқықтық нормаларға жетік, адамдар арасындағы қатынасты реттей білетін;
- кәсіби құндылықтарға иегер болуы, жанашыр, альтурист, әділетті, аса жауапты, дәрігерлік құпияға берік;
- емделуші, отбасы мүшелері және дәрігер арасындағы өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың маңыздылығын сезіну;
- мәдени ғұрыптар мен діни сенімдерді сыйлауға;
- әріптестерінің көзқарастарын ескере отырып парасатты қарым қатынасты болуы тиіс.

8.3 Экономикалық және ұйымдық-басқарушылық құзіреттілігіне қойылатын талаптар

Бітіруші білуге міндетті:

Алған білім мен біліктілікті еркін кәсіпкерлік жағдайдағы экономикалық, басқару, саралау жұмыс барысында дұрыс шешім қабылдауға пайдалану.

8.4 Кәсіби құзіреттілікке қойылатын талаптар

Бітіруші білуге міндетті:

- халықтың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени факторларын ескере отырып тиімді, білікті медициналық көмек көрсетуге;

- емделушінің мәселелерін шешуге, айғақты медицина тұрғысынан шешімдер қабылдауға;

- коммуникациялық дағдыларға ие, емделушімен, халықпен, қызметкерлер, әлеуметтік қызмет уәкілдерімен қарым-қатынаста медициналық этика принциптерін сақтауға;

- медицинаның ғылыми негізін қолдана білуге, өзінің кәсіби қызметінде жаңа емдік-диагностикалық технологияны енгізуге;

- халыққа медициналық көмекті жүзеге асыруда менеджмент принциптерін қолдануға;

- өз жұмысында жетекші болуға, басқаларға үйретуге;

- кәсіптік қызметінде өз білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіруге қабілетті болуы тиіс.

8.5 Өзгерістер мен белгісіздіктің өспелі серпіні жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің, географиялық және әлеуметтік икемділіктің ауысу дайындығына қойылатын талаптар

Бітіруші қабілетті болуы қажет:

- жаңа идеяларды қабылдауға;

- денсаулық сақтау саласында, қоғамда әлеуметтік экономикалық даму өзгерістеріне бейімділікке;

- кәсіптік іс-әрекетін саралап, жоспарлауға;

- ауыспалы және белгісіздік кезеңде дұрыс шешім қабылдап, дербес іс-әрекет жасауы тиіс.

8.6 Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар

Жалпы білім беру пәндері циклі бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші дәрігерлік жалпы адамзат және кәсіптік құндылықтарды, адам мен өмір тұтастығын түсінуде, жаратылыстану, гуманитарлық-психологиялық дүние танымын қалыптастыру барысында философия және әлеуметтік ғылым негіздерін білуі тиіс.

Базалық пәндер циклі бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- биомедициналық ғылым принциптерін, оның әдістемелерін, тұжырымдамаларын, ғылыми негіздерін түсінуге және игеруге;

- клиникалық ғылыми білімін іс-практикада қолдануға;
- аналитикалық сараптау мен сын көзбен ойлау дағдыларын меңгеруі тиіс.

Кәсіптендіру пәндер циклі бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші өзінің кәсіби қызметінде негізгі міндеттерді шешу үшін клиникалық білім мен дағдыларды білуі қажет, халыққа білікті медициналық көмек көрсетуде басқа мамандармен үйлесімді жұмыс атқарып, кәсіптік қызмет барысында әрқашан білімін жетілдіріп, іс-практикада жаңа технологияны қолдана білуге тиіс.

8.7 Жеке пәндер бойынша білім беруге қойылатын талаптар

Бітіруші таңдалған мамандық бойынша дипломнан кейінгі дайындыққа қажет қосымша арнаулы білім мен дағдаларға иегер болуы тиіс.

9 051301 - «Жалпы медицина» мамандығының білім беру бағдарламаларының мазмұны

9.1 Жоғары-кәсіптік білім бағдарламасы 1-7 кестесінде ұсынылған пәндер циклдері бойынша жүргізіледі.

1 кесте НМБ (5) Жоғары кәсіптік білім бағдарламасының мазмұны

Пәндер циклдері	Пәндер және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағат- тар саны
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	1548
МК	Міндетті компонент	1548
ЖБПМК 01	Қазақстан тарихы “Қазақстан тарихына” кіріспе. Қазақстан ежелгі дәуірде. Қазақстанның ежелгі тарихы. Палеолит (ежелгі тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), Неолит (жаңа тас ғасыры). Қола дәуірі. Ерте мемлекеттік құрылымдар. Сактар. Үйсіндер мен қаңлылар. Ғұндар. Қазақстан орта ғасырларда. Ерте, орта ғасыр мемлекеттері (VI – X ғ.ғ.). Түрік қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақтар. VI – X ғ.ғ. Қазақстанның экономикалық, мәдени өмірі. Дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер (XI ғ. – XIII ғ. басы).	135

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Қарахандар. Қарақытайлар. Наймандар мен керейлер. Қыпшақтар. XI ғ. – XIII ғ. басындағы Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Қазақстан монғол басқыншылығы кезеңінде. Алтын Орда. XIV – XV ғ.ғ. Ортағасырлық мемлекеттер. Көк Орда және Ақ Орда мемлекеттері. Моғолстан. Көшпелі өзбектер мемлекеті. Ноғай ордасы. Сібір хандығы. Қазақ халқының қалыптасуы. “Қазақ” этнонимі. Қазақ жүздері. XV ғ. – XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы. XIV ғ. – XVIII ғ. басындағы қазақтардың мәдениеті. Жаңа замандағы Қазақстан (XVIII – XX ғ. басы). Қазақстан XVIII ғ. бірінші ширегінде. Жаңа заман жағдайындағы Қазақстан мен Ресей. Қазақстанда отарлау дәуірінің басталды. XIX ғ. – XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық және саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғ. басы). Қазақстан қазіргі кезеңде. 1917 ж. Қазан төңкерісі және оның алғы шарттары. Азамат соғысы – халық қасіреті (1918 – 1920 ж.ж.) Қазақ Кеңес мемлекетінің құрылуы. Қазақстандағы “соғыс коммунизмі” саясаты (1918 – 1921 ж., наурыз). Өлкедегі Кеңес мемлекетінің құрылуы. ЖЭС-тің әлеуметтік –экономикалық нәтижелері. Ауыл шаруашылығы ұжымдастыру – Қазақстан шаруашылығының қасіреті. Индустрияландыру: сипаты, қарқыны, көлемі. Соғыс қарсаңындағы Қазақстанның әлеуметтік–экономикалық дамуы. Қоғамдық–саяси жағдай. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. (1941 – 1945 ж.ж.). Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946 – 1953 ж.ж.). Хрушев реформалары тұсында Қазақстан (1953 – 1964 ж.ж.). 1960 жылдардың I жартысы мен 1980 жылдың II	

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жартысындағы Қазақстан. “Қазақстандағы қайта құру” саясаты (1985 – 1992). Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздік жолында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының (ТМД) құрылуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Экономикалық дамуы. Қоғамдық-саяси даму. Рухани даму. ҚР сыртқы саясаты.	
ЖБПМК 02	Философия Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени-тарихи контексттегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі Үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлдену кезіндегі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Орта ғасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы араб-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және Реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа Заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ. мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ. алдындағы мәдениет аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы. Диалектика	135

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	теориясының мәселелері. Эпистемология ғаламдық (жаһандық) проблемалардың философиясы.	
ЖБПМК 03	Шет тілі Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық-интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық-әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың бейініне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптар-зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикаль, есімдік; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тілінде тілдік нормаларға сай аудару. Тындау: күнделікті кездесетін ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.	270
ЖБПМК 04	Қазақ (орыс) тілі Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту. Тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық формалар мен құрылымдарды меңгерту. Сөйлеудің түрін: әңгімелесу, суреттеу, хабарлауды құрастыру.	270

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Грамматикалық формалар мен құрылымдарды сөйлеу процесінде дұрыс қолдану. Белгілі мәтіндерді қайта өңдеу. Тілдік қызметтің әр түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) қиын емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті тақырыптардағы сұхбаттар мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде өңдеу. Кәсіби білімін дамыту: а) әртүрлі ғылыми мәтіндерді оқулықтардағы мәтіндер мен дәрістерге мамандығына байланысты сұхбаттар мен монологтар құру. Пікірін білдіруге: монолог — суреттеу, сұхбат, пікірталас ұйымдастыруға дағдыландыру. Ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: а) ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді, жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.	
ЖБПМК 05	Информатика Информатика пәні, объектісі және құрамдас бөліктері. Ақпаратты көрсету формалары. Сан жүйелері. Сандарды аудару әдістері, екілік арифметика. Дескрегизация ұғымы, белгіленген және жылжымалы үтірлі сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер үшін объектілер және процесстерді кескіндеу тәсілі. Қазіргі заманғы есептеу техникасының құрылысы. Ақпаратты компьютерде беру. Бульдік алгебра және компьютердің қисынды схемасы. Қисынды схемалар және қисынды машиналар. Компьютердің негізгі блоктарының элементтерінің негіздерін ұйымдастыру. Процессордың архитектуралық ұйымдасуы. Компьютердің жадын ұйымдастыру, программаны басқару принципі, функциялық және құрылымдық компьютерді ұйымдастыру, мәліметтерді өңдеудегі желілік технологиялар.	135

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Бағдарламалауға кіріспе. Есептерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттері, беру тәсілдері). Алгоритмдік құрылымдары. Бағдарлама құруды оқыту тілдері. Жалпы қызметтік бағдарламалау тілдері. Қолданбалы бағдарламамен камтамасыз ету, ақпаратты өңдеу. Берілгендер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік желілер, желілік және телекоммуникациялық технологиялар. Желілер жөнінде жалпы мағлұмат, компьютерлердің желілік қарым-қатынасының қажеттілігі. Ақпаратты қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрамалары. Ақпараттық процесстерге заңсыз енуден қорғау. Ұйымдастыру шаралары, ақпаратты қорғаудың инженерлік-техникалық және басқа да әдістері. Жергілікті компьютерлік желідегі ақпаратты қорғау, антивирустық қорғану. Электронды басқару – денсаулық сақтау жүйесінің жинақталып біріккен ақпараты деген түсінік.	
ЖБПМК 06	Экология Экология ұғымы, экологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы. Экологияның мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері. Қазіргі экономикалық және саяси мәселелерді шешудегі экологияның орны, атқаратын рөлі. Аутэкология: экологиялық факторлар, оптимум және минимум аймақтары. Демэкология: популяция сипаттамалары, флуктуациялар және популяция санының реттелуі. Синэкология: қауымдастық ішіндегі әсерлесулердің түрлері, қауымдастықтың трофикалық құрылымы және экологиялық пирамидалар. Экожүйелердің флуктуациялары: энергия алмасуы және заттар айналымы, экожүйелердің біртұтастығы және	45

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	орнықтылығы, экологиялық сукцессиялар. Биоценоз, биогеоценоз, экожүйе туралы түсінік. Құрлықтық және сулық экожүйелердің типтері. Биосфера және ноосфера туралы ілім. Биосфераның тірі заты және оның функциялары. Табиғи ресурстар және табиғатты ұтымды пайдалану. Табиғатты қорғау және қазіргі заманның экологиялық проблемалары. Экологиялық даму мәселелері.	
ЖБПМК 07	Саясаттану Саясаттану ғылымы, оның қазіргі заманғы ғылыми білім жүйесіндегі орны. Саясаттың мәні, құрылымы, қызметтері және субъектілері. Саяси билік. Қауымның саяси жүйесі. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің модернизациясы. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты. Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы проблемалар. Саяси тәртіп. Саяси партиялар мен партиялық жүйелер. Саяси элита және саяси көшбасшы. Қоғамның саяси сана мен саяси мәдениеті. Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Қазақстан Республикасындағы саяси үдерістің проблемалары мен қайшылықтары. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта.	90
ЖБПМК 08	Әлеуметтану Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтік статус. Әлеуметтік білімнің құрылымы. Макро-микро әлеуметтану. Теориялық және қолданбалы әлеуметтану. Әлеуметтану заңдылықтары мен категориялары. Әлеуметтану әдістемесі. Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары. Әлеуметтанудың қалыптасуындағы негізгі	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	кезендер. О. Кант және Э. Дюркгейм – әлеуметтанудың бастаушылары. XX ғасыр әлеуметтануы. Ресейдегі әлеуметтану көзқарасының дамуы. Қазақстандағы әлеуметтану көзқарасының дамуы. Әлеуметтік өмірдің элементтері. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік үдерістер. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Жеке бастың әлеуметтік сипаты. Жеке бастың құрылымы. Әлеуметтендіру үдерісінің мазмұны, оның негізгі құрылымы. Қоғамдағы ауытқушылықтар және әлеуметтік бақылау. Арнаулы әлеуметтік теория. Білім берудің әлеуметтануы. Саяси әлеуметтану. Экономикалық әлеуметтану. Отбасы әлеуметтануы. Мәдени әлеуметтану. Бұқаралық ақпарат әлеуметтануы. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасының құрылымы. Мәліметтерді жинаудың негізгі әдістері және олардың топтамасы. Ақпараттарды өңдеу әдістері мен нәтижелерін саралау.	
ЖБПМК 09	Құқық негіздері “Құқық негіздері” курсы пәні және жүйесі. Мемлекет және құқық теориясы. Мемлекет туралы негізгі ұғымдар. Құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар. Құқықтық қатынастар. Заң, мінез-құлық және құқық бұзушылық. Заңдық жауапкершілік. Қазақстан Республикасының негізгі құқық саласы – Конституциялық құқық. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық. Әкімшілік жауапкершілік. ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Міндеттемелер туралы ережелер.	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Шаруашылық шарттарының жекелеген түрлері. Мұрагерлік құқық. ҚР отбасы құқығы негіздері. Құқық қорғау мекемелері қызметін ұйымдастыру және қызметтерінің негіздері. ҚР салық жүйесі. ҚР еңбек құқығы. Еңбек құқығы негіздері және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. ҚР қылмыстық құқық негіздері. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Адам мен азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар. ҚР сақтандыру құқығы. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасының экология құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. ҚР іс жүргізу құқығы. Қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқықтарының негіздері.	
ЖБПМК 10	Экономикалық теория негіздері Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үдерісінде пайда болатын адамдар арасындағы экономикалық қатынастар. Экономикалық шешімдерді қабылдау кезіндегі адамдардың экономикалық әрекеті. Экономикалық сараптау қажеттілігі. Экономикалық үдерістерді ғылыми сараптау әдістері. Қоғамдық өндірістің жалпы негіздері. Ресурстар және олардың шектеулілігі. Меншік: мәні және нысандары. Қоғамдық өндіріс нысандары. Экономикалық жүйелердің негізгі типтері және модельдері. Нарықтық экономика элементтері. Нарықтық экономика жағдайындағы жеке дара ұдайы өндірістің мәні және заңдылықтары. Экономикадағы өнімдердің, шығыстар мен табыстардың ауыспалы айналымы. Ұлттық экономиканы ұдайы өндіру. Ұлттық есеп жүйесі. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы. Ақша-несие және қаржы	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жүйелері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу.	
ЖБПМК 11	Химия Термодинамия. Термохимия. Химиялық кинетика мен катализ. Ерітінділердің коллигативті қасиеті. Қышқылдар мен сілтілердің протолитикалық теориясы. Буферлі жүйе. Химиялық байланыстардың табиғаты. Кешенді байланыстар, биогенді элементтер. Тірі организмдердегі тотығу-қалпына келтіру реакциясы. Беткейлі құбылыстар. Коллоидты жүйелер. Биополимерлер ерітінділері. Көмірсулар. Ароматты қоспалар. Хюккель ережесі. Спирттер. Аминдер. Диазо- және азокоспалар. Альдегидтер мен кетондар. Карбон қышқылы. Гетерофункционалы органикалық қоспалар. Алифатикалық галоген алмастырғыш қышқылдар. Гидроқышқылдар. Оксоқышқылдар. Альфа-аминқышқылдары. Пептидтер. Белоктар. Көмірсулар. Гетероциклді қоспалар. Алкалоидтар. Нуклеин қышқылдары. Нуклеозидтер. Нуклеотидтер. РНК және ДНК. Липидтер. Терпендер. Стероидтар.	90
ЖБПМК 12	Медициналық биофизика Жасуша мембранасының биофизикасы. Электрқозғыш тіндердің биофизикасы. Кванттық биофизика негіздері. Тіндер мен ағзалар биофизикасы. Қанның реологиялық қасиеті. Әртүрлі ағзалар мен тіндердің реографиясы. Қан айналымын зерттейтін әдістер. Бұшық ет жиырылуының биофизикасы. Медициналық құрал-жабдықтардың жіктемесі. Түрге айналу өлшемінде пайда болатын энергия түрлері. Организм тіршілік қызметінің электрлі, механикалық көріністерін зерттейтін техникалық құралдары. Медициналық	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
ЖБПМК 12	интроскопияның негізгі техникалық құралдары. Терапиялық электронды-медициналық жабдықтар.	108
БП	Базалық пәндер	3312
МК	Міндетті компонент	3186
БПМК 01	Молекулярлы биология және медициналық генетика Молекулярлы биология және генетикаға түсінік. Биологиялық макромолекула. Белоктар мен нуклеин қышқылдары – тірі организмнің ақпараттық құрылымы. Биологиялық ақпараттың көшірмесінің молекулярлы механизмі, ДНҚ зақымдалуының коррекциясы мен репарациясы. Жасушалы циклдегі хроматин құрылымы. Биологиялық ақпараттардың негізгі берілу жолдары мен код жүйесінің принциптері. Прокариот және эукариот гендер экспрессиясының молекулярлы механизмі. Биологиялық мембраналардың молекулярлық құрылымы мен қызметі. Жасуша бөлінуінің сипаты. Белоктың биологиялық қызметі. Апоптоз. Тұқым қуалау материалдардың құрылымды-функциялы деңгейі. Моногенді, полигенді, тіркесті тұқымқуалау. Рекомбинантты ДНҚ технологиясы. Адам және медицина генетикасының негізі. Генді, хромосомды және мультифакториалды аурулар. Тұқым қуалайтын патологиялардың диагностикасы мен алдын алуының қазіргі заманғы молекулярлы-генетикалық әдістері. Адамның популяциялық генетикасы.	162
БПМК 02	Биохимия Биохимия пәні және оның міндеттері. Белоктар құрылысы мен қызметі. Ферменттер құрылымы мен әсер ету механизмі, ферменттердің активаторлары және ингибиторлары, ферментативті	162

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	реакциялардың реттелуі. Биохимиялық көректің негізі. Макро- және микроэлемент витаминдерінің алмасуы мен қызметі. Биоэнергетика, катаболизмнің жалпы жолы. Норма мен патологиялық үдерістегі көмірсулар, липидтер, аминқышқылдар, күрделі және қарапайым белоктардың алмасуы мен қызметі. Көмірсулар, липидтер, белоктар метаболизмімен реттелуінің өзара байланысы. Сулы-тұзды алмасу, гомеостаз реттелуі. Гормондардың биохимиясы. Бүйрек пен зәрдің биохимиясы. Бауырдың биохимиясы. Қанның, дәнекер, сүйек, тіс, бұшық ет, нерв тіндерінің биохимиясы.	
БПМК 03	Анатомия 1 Анатомия туралы түсінік және оның биология ғылымындағы алатын орны. Топографиялық анатомияның негізгі түсінігі мен зерттеу әдістері. Тірек-қимыл аппараты: құрылысы, қызметі, филоонтогенезі. Анатомиялық тұрғыдан адам денесінің құрылысының қиылымы. Остеология. Синдесмология. Миология. Бас, мойын, қол-аяқтың топографиялық анатомиясы. Бас миы мен жұлынның анатомиясы мен топографиясы. Бас, мойын, қол-аяқтың тамырлары мен нервтері. Сезім ағзаларының анатомиясы мен топографиясы. Ішкі секреция бездерінің морфофункционалы сипаты. Бас, мойын, қол-аяқтың тері жабыны мен оның туындыларының морфофункционалы сипаты. Кеуде қуысының анатомиясы мен топографиясы. Кеуде пердесінің анатомиясы мен топографиясы. Іш пердесі мен құрсақ қуысының анатомиясы мен топографиясы. Жамбастың анатомиясы мен топографиясы. Көкірек (арқа, кеуде және іш) тері жабынының морфофункционалы сипаты. Жыныс, жас жеке ерекшеліктері. Латындық анатомиялық глоссария.	216

1 кестенің жалғасы

1	2	3
БПМК 04	Анатомия 2 Ағзалардың анатомиясы, топографиясы, морфологиялық сипаты, қалып пен патологиялардың түрлері, рентгенанатомия және жас ерекшеліктері: - нерв жүйесі; - тірек-қимыл жүйесі; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-тамыр жүйесі; - ас қорыту жүйесі; - зәр шығару және жыныс жүйелері; - эндокринді жүйе; - қан жүйесі.	108
БПМК 05	Гистология 1 Пәнге кіріспе. Цитология. Организмнің ең кіші құрылыстық-функциялық бірлігі – жасуша туралы түсінік, эукариотты организмнің негізгі құрылымы мен қызметі. Жалпы эмбриология негізі. Прогенез. Шамаланған ағзалар туралы түсінік, олардың маңызы мен құрылымы. Тіндер туралы ілім. Эпителиалды тіндер мен бездер. Қан және лимфа. Қан мен лимфа құрамы, олардың негізгі қызметі. Қанның жастық және жыныстық ерекшеліктері. Ұрық пен нәресте қанының ерекшеліктері, постнаталды динамика. Өзіндік-дәнекер тіндері, арнаулы қасиетпен дәнекер тіндері. Қаңқа тіндері. Шеміршек тіндері. Хондрогенез және шеміршек тіндерінің жас шамасына байланысты өзгерістері. Сүйек тіні. Бұшық ет тіні. Жүрек бұшық ет тіні. Жазық бұшық ет тіні. Нерв тіні. Талдағыштар. Көру ағзасы. Есту және тепе-теңдік ағзасы. Жас шамасына байланысты өзгерістер.	108
БПМК 06	Гистология 2 Ересектер мен балалардағы жүйелер, ағзалардың морфофункционалы сипаты және гистофизиологиясы:	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	- нерв жүйесі, көру, иіс сезу, дәм сезу, есту, тепе-теңдік ағзалары; - тері және орналасуына байланысты тері туындылары; - тыныс алу жолдары және өкпенің респираторлы бөлігі; - жүрек-тамыр жүйесі; - асқорыту жүйесі; - зәр шығару және жыныс жүйелері; - эндокринді жүйе; - кан жүйесі.	
БПМК 07	Физиология 1 Физиологияның ғылым ретіндегі жалпы сипаттамасы. Қозу. Рецепция. Өткізгіш жолдардың жүйелі ұйымдасуы. Синаптикалық берілу. Бұшық ет жиырылуы. Секреция. Секреторлы жасушалардың биоэлектрлік ерекшелігі. Физиологиялық қызметтердің нейрогуморалды реттелуі. ОНЖ жалпы физиологиясы. Физиологиялық қызметтердің гормондық реттелуі. Гормондардың жалпы қасиеті мен қызметі. Гормондар секрециясының реттелуі. Гипоталамо – гипофизарлы – ұйқы безі жүйесі. Энергетикалық алмасу, тепе-теңдік. Жылу теңгерімі және дене қызуының реттелуі. Әдеттің жүйелі механизмі. Туа біткен және жүре пайда болған әдет. Себептері. Талдағыштар. Есте сақтау. Эмоция. Адамның психологиялық іс-әрекеті. Ұйқы. Ауырсыну. Адамның жұмысқа қабілеттілігі.	162
БПМК 08	Физиология 2 Физиология, балалардағы жастық ерекшеліктері және зерттеу әдістері: - нерв жүйесі; - тірек-қимыл жүйесі; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-қан тамыр жүйесі;	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	- ас қорыту жүйесі; - зәр шығару және жыныс жүйелері; - эндокринді жүйе; - қан жүйесі.	
БПМК 09	Патологиялық анатомия 1 Патологиялық анатомия пәні, міндеттері және әдістемелері. Құрылымдық негізі, дамудың морфогенетикалық механизмі, жіктемесі, морфологиясы, асқынулары, нәтижесі. Жалпы патологиялық үдерістің кейбір түрлерінің салыстырмалы диагностикасы: зақымдалу; қан және лимфа айналымының бұзылыстары; қабыну; бейімделу; иммундық бұзылыстар; онкопатология.	108
БПМК 10	Патологиялық анатомия 2 Дерттің құрылымдық негізі, дамуының морфогенетикалық механизмі, жіктемесі, морфологиясы, асқынулары, нәтижесі, жас ерекшеліктері және даму кемістіктері: - нерв жүйесі; - тірек-қимыл жүйесі, тері және тері туындылары; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-қан тамыр жүйесі; - ас қорыту жүйесі; - зәр шығару және жыныс жүйелері; - эндокринді жүйе; - қан жүйесі.	108
БПМК 11	Патологиялық физиология 1 Патофизиология пәні. Дерт туралы ілім, жалпы нозологияның негізгі түсініктері. Этиологиясы, патогенезі. Патологиядағы реактивтілік, тұқым қуалаудың маңызы. Жасушаның жалпы патологиясы. Зақымдалуға организмнің жалпы реакциясы. Нақты патологиялық үдерістер: шеткі қан айналым және оның бұзылыстары, қабыну, безгек, ісіктер, аллергия, гипоксия. Зат	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	алмасу бұзылыстары: сулы-тұзды алмасу, қышқылды-сілтілі, көмірсулар, липидті және белокты алмасулар. Ашығу.	
БПМК 12	Патологиялық физиология 2 Патологиялардың даму себептері, патогенетикалық механизмі, балалардағы жас ерекшеліктері: - нерв жүйесі; - тірек-қимыл жүйесі, тері және тері туындылары; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-қан тамыр жүйесі; - ас қорыту жүйесі; - зәр шығару және жыныс жүйелері; - эндокринді жүйе; - қан жүйесі.	108
БПМК 13	Фармакология 1 Фармакология пәні, мазмұны, зерттеу әдістері. Басқа пәндермен фармакологияның байланысы. Жалпы рецептура. Дәрілердің сұйық, жұмсақ, қатты түрлерін тағайындау ережелері. Жалпы фармакология. Дәрілік заттардың фармакокинетика және фармакодинамикасының жалпы заңдылықтары. Нерв жүйесінің перифериялық бөліміне әсер ететін дәрілік заттар. Афферентті иннервацияға әсер ететін дәрілік заттар. Эфферентті иннервацияға әсер ететін дәрілік заттар. Орталық нерв жүйесіне әсер ететін дәрілік заттар. Анальгетикалық заттар. Қабынуға және аллергияларға қарсы дәрілік заттар. Антисептикалық және дезинфекциялаушы заттар. Химиотерапиялық заттар. Антибактериялы заттар. Туберкулез, спирохетозға, таз ауруына, протозояға, құрттарға қарсы дәрілік заттар.	108
БПМК 14	Фармакология 2 Дәрілік заттар мына жүйелердің қызметіне әсер етеді:	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	- нерв жүйесі; - тірек-қимыл жүйесі; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-қан тамыр жүйесі; - ас қорыту жүйесі; - зәр шығару жүйесі; - эндокриндік жүйе; - қан жүйесі.	
БПМК 15	Микробиология Микробиология пәні, мақсаты, міндеттері. Микроорганизмдер жіктемесі. Морфология, генетика және физиология, берілу жолдары, организмнің қорғаныш механизмі, эпидемиологиясы, зертханалық идентификацияның классикалық техникасы: бактериялар; саңырауқұлақтар мен ашытқыштар; вирустар; паразиттер. Өртүрлі жүйелер мен ағзаларда ауруларды туғызатын қоздырғыштардың биологиялық қасиеті, патогенді факторлары, зертханалық диагностиканың ерекшеліктері, арнаулы емі, алдын алу. Организмнің қалыпты микрофлорасы. Дезинфекция, асептика, антисептиканың микробиологиялық негізі. Химиотерапиялық заттарды қолдану. Микроорганизмдердің экологиясы. Жұқпалы үдеріс туралы ілім. Иммуитет туралы ілім. Иммуитеттің түрлері мен механизмі. Өзіне тән емес қорғаныс факторлары. Антиген, антидене сипаты. Антиген-антидене реакциясы. Аллергиялық реакция.	216
БПМК 16	Ішкі аурулар пропедевтикасы Дені сау және сырқат адамдарды зерттеу әдістері, сырқаттарға сұрау жүргізу, негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдары, жас ерекшеліктері, ағзалар мен жүйелерді аспаптық және зертханалық зерттеу әдістемелері: - нерв жүйесі;	216

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	- тірек-қимыл жүйесі, тері және туындылары; - тыныс алу жүйесі; - жүрек-қан тамыр жүйесі; - ас қорыту жүйесі; - зәр шығару жүйесі; - эндокринді жүйе; - қан жүйесі.	
БПМК 17	Кескінді диагностика Кескінді диагностика әдістері (рентген, компьютерлі және магнитті-резонансты томография, УДЗ, ядролық медицина). Рентген сәулелерінің, ультрадыбыстың, ядролы-магнитті резонанс физикасы. Контрасты заттар. Кескінді зерттеу әдістері (рентген, УДЗ, КТ, МРТ, ядролы медицина) және қалыпты кескінді анатомия, жүйелер мен ағзалар ауруларының кескінді семиотикасы: нерв; қимыл-тірек; тыныс алу; жүрек-қан тамыр; ас қорыту; зәр шығару және жыныс ағзалары; эндокринді; қан жүйесі.	108
БПМК 18	Жалпы хирургия Асептика мен антисептика. Десмургия. Хирургиялық сықаттарды зерттеу әдістері мен жас ерекшеліктері. Қан кету. Қан тоқтату әдістері. Қан құю. Жара. Жара үдерісі. Жараны алғашқы хирургиялық тазарту. Хирургиялық операциялар, түрлері. Операция алдындағы және одан кейінгі кезеңдер. Жалпы және жергілікті жансыздандыру. Жарақаттың организмге жалпы әсері. Шок, коллапс, естен тану, жарақат токсикозы туралы түсініктер. Күйіктер, үсіктер, электр жарақаттары, буынның шығуы, сүйектің сынуы. Терминалды жағдай. Перифериялық қан айналым бұзылыстары. Жіті іріңді хирургиялық жұқпа. Өзіне тән хирургиялық	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жұқпа. Жұқпаға жүйелі қабынбалы жауап синдромы туралы түсінік (SIRS). Анаэробты, нозокомиалды жұқпа туралы түсінік. Қатерсіз және қатерлі ісіктер. Бас, мойын, кеуде қуысының, іштің, қол-аяқтың даму кемістіктері. Амбулаториялық хирургиялық қызметті ұйымдастыру.	
БПМК 19	Психология негізі Психология пәні мен міндеттері. Психологияның негізгі принциптері мен категориясы. Психиканың даму сатылары. Негізгі психикалық үдерістер, жеке бас қасиеті мен жағдайы. Сезу, қабылдау, түсінік. Қиялдау. Есте сақтау және оның қызметі, түрлері. Назар аудару және оның сапасы. Ойлау және сөйлеу. Интеллект ой-өрістің туындысы. Сезім мен жігер. Инстинкттер. Сана және сана-сезім. Жеке бас, темпераменті, мінезі мен қабілеті. Жекелік. Топтар мен ұжымдағы жеке бас қарым-қатынасы. Маманның тұлғалық кәсіби статусының қалыптасу аспектілері.	54
БПМК 20	Коммуникациялық дағдылар 1 Коммуникациялық дағдылар туралы ұғым. Коммуникациялық үдеріс. Коммуникациялық құзыреттілік. Медициналық сұхбат: түсінігі, негізгі принциптері, құрылымы. «Дәрігер мен емделуші» арасындағы өзара қарым-қатынасты орнатудың негізгі модельдері. Емделушімен өзара тиімді іс-қимылға қол жеткізу үшін әңгімелесудің вербальды және вербальды емес құралдары. Емделушімен, оның туыстарымен және әртүрлі денсаулық сақтау мамандарымен тиімді сөйлесудің жалпы принциптері. Дәрігер мен емделушінің тиімді сөйлесуіне кедергі болатын тоқауылдар. Дәрігердің емделушімен, оның отбасы мүшелерімен, медицина қызметкерлерімен/әріптестерімен	54

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	тиімді әрі даусыз өзара іс-қимылы үшін коммуникациялық құзыреттіліктің маңыздылығы. Емделушінің психологиясы, оның психикасының ерекшеліктері. Жеке басының сапасына байланысты дәрігер мен емделуші арасында өзара қарым-қатынас орнатуға арналған тәсілдер. Дәрігердің жеке басы және оның сырқаттармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасы. Дәрігердің жеке басына қойылатын психологиялық талаптар.	
БПМК 21	Коммуникациялық дағдылар 2 Медициналық этика: анықтамасы, негізгі принциптері мен ұғымдары. Медициналық этиканың медицина практикасы үшін маңызы. Өртүрлі клиникалық жағдаяттардың этикалық мәселелерін/проблемаларын шешуге арналған тәсілдер. Дін, медицина, этика. Емделушінің келісімі. Құпиялық. Емделушінің құқықтары. Қайтыс болудың, реанимация мен өлімнің этикалық проблемалары. Жазылмайтын сырқаттар, эвтаназия, дәрігер тактикасы. Қайғылы хабарларды жеткізу. Дәрігердің әріптестерімен өзара қарым-қатынасының этикалық аспектілері. Ятрогения, дәрігер қателіктері.	54
БПМК 22	Жалпы гигиена - 1 Гигиеналық нормалар мен болжамның ғылыми негізі. Ауа гигиенасы. Судың нормалық сапасы. Қаланы санитарлық тазалаудың жаңа мәселелері. Ас - денсаулық факторы. Қоршаған орта мен адам организмнің байланыс негізі. Атмосфералық ауаның ластану көздері, ластану құрамы. Су көздерінің антропогенді ластануы, оның адам денсаулығына әсері. Топырақтың ластану көзі мен сипаты. Қазақстанның табиғи және биогеохимиялық аймақтары. Әскери гигиена.	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
БПМК 23	Клиникаға кіріспе - 1 Емдеу мекемелерінің түрлері. Стационар-дағы санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп. Емделушілерді қабылдау және санитарлық тазалық. Дезинфекция туралы түсінік. Емдеу мекемесіндегі тазалық түрлері. Инвентария тазалығы. Тасымалдау түрлері. Сырқаттың тамақтануы. Емделушінің функциялық жағдайын бағалау. Ауыр сырқаттардың күтімі. Ұзақ жатқаннан терінің ойылуының алдын алу. Төсек-орын жабдықтарын ауыстыру. Стационар бөлімшелерінің жұмыс тәртібі. Дене қызуы көтерілген сырқаттың күтімі. Пациент және дәрігер арасындағы қатынастың принциптерімен, танысу мен өз-ара байланыстың ерте болуы: анамнез жинау барысындағы сұхбатқа, күнделікті дәрігер-лердің тексерулеріне қатысу. Науқастарға күтім жасау барысында коммуникативті дағдыларын тәжірибеде қолдану. Учаскелік дәрігермен бірге аууып науқастарды және мүгедектерді үйінде бақылау жүргізу.	54
БПМК 24	Клиникаға кіріспе - 2 «Мейірбике үдерісі», «мейірбике диагнозы» туралы түсінік. Дәрілік заттардың негізгі топтары: жазып берілуі, таратылуы, сақталуы, қолдану түрлері. Дәрілік заттарды энтералды, сыртқы және ингаляциялық қолдану әдістері. Теріге, тері астына, бұлшық етке жасалатын инъекциялардың орындалу әдістері. Көктамырдан қан жинау техникасы. Көктамырға тамшылы инфузия жүргізу әдістері және дәрілік заттарды үйлесіммен енгізу. Емделушіні бақылау. Жүректі, өкпені, АІТ, бүйректі рентгенологиялық, аспаптық, УДЗ әдістеріне сырқатты дайындау. Кейбір шұғыл жағдайларды анықтау және емдеуге дейінгі көмекті көрсету. Емшара бөлмесінің жұмысын ұйымдастыру.	54

1 кестенің жалғасы

1	2	3
БПМК 25	Қоғамдық денсаулық сақтау саласы Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласы ғылым ретінде. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы. Халықтың денсаулығын және денсаулық сақтау жүйесін бағалаудың өлшеу әдістері мен критерийлері. Медициналық социология. Демографиялық үдерістерді зерделеу әдіснамасы. Халықтың сырқаттануы, зерделеу әдістері, талдау. Дәрігерлік-еңбек сараптамасы. Денсаулық сақтау саласындағы жоспарлау мен басқару. Денсаулық сақтау саласының кадр ресурстары. Денсаулық сақтау саласының экономикасы. Азаматтардың денсаулығын сақтаудың халықаралық аспектілері.	108
БПМК 26	Эпидемиология Эпидемиологиялық диагностика, семиотика, диагностикалық техника. Индетке қарсы шаралар және алдын алу жүйелері. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы ҚР заңдары. Эпидемиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес кейбір нозологиялық түрлерге эпидемиологиялық қадағалаудың ғылыми және ұйымдастыру негіздері. Әскери эпидемиологияның мәселелері. Клиникалық эпидемиологияның негізгі принциптері, клиникалық эпидемиологияның биостатистикамен байланысы. Клиникалық эпидемиологияның айғақты медицина негізі болып табылуы.	54
БПМК 27	Биостатистика Құбылыстың шынайы табиғатын зерттеудегі биостатистика маңызы. Мәліметтерді өңдеу және көрсету. Саралы және ішінара жиынтық. Зерттеуді бағалаудағы жүйелі қателіктердің мүмкін түрлері. Әртүрлі белгілерді өлшеу. Сәйкестік критерийлері. Корреляциялық тәуелділік. Спирмен дәрежесінің корреляция-	54

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	лық әдісі. Стандарттау әдісі. Сапалық көрсеткіштерді сараптау. Зерттеуді жоспарлау. Биостатистикада жаңа ақпаратты-есептеу техникасын қолдану. Компьютерлік статистикалық бағдарламалар: SPSS, StatSoft, SAS.	
БПМ 28	Жалпы иммунология Иммундық жүйе құрылымы. Иммунды жауап туралы түсінік. Иммунитеттің негізгі теориясы. Иммунологиялық қадағалау тұжырымдамасы және оның жалпы биологиялық маңызы. Антигендер. Гуморалды иммунитет жүйесі. Комплемент жүйесі. Жасушалы иммунитет жүйесі, оның негізгі қызметі. Иммунологиялық төзімділік туралы түсінік. Цитокиндер. Ісікке қарсы иммунитет. HLA жүйесі. Трансплантация иммунологиясы. Гиперсезімталдық механизмі. Алғашқы иммундық тапшылық (Лопухин, Петров жіктемелері). Иммундық тапшылықтың қалыптасуына қоршаған орта факторларының маңызы. Вакцинды алдын алу.	108
БПМК 29	Айғақты медицина негізі Айғақты медицинаны енгізу (ЕВМ). Айғақты медицинаны дамыту тарихы. Қазақстан және ТМД мемлекеттері клиникалық практикасындағы айғақты медицина. Айғақты медицина мәліметтер қоры, Кокрановский библиотекасы. Клиникалық практикада шешім қабылдау түрлері. ЕВС-тің клиникалық эпидемиология және медициналық-биологиялық статистикамен байланысы. Айғақты медицинадағы сандық және сапалық зерттеу әдістері (дәлелдеу реттері).	54
БПТК	Таңдау бойынша компонент	126
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2835
КПМК 01	Ішкі аурулар Айғақты медицина тұрғысынан ішкі ағзалар ауруларының этиологиясы, патогенезі,	405

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жіктемесі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы және емдеу әдістері. Пропедевтикалық дағдыларды жетілдіру. Соғыс жағдайында сырқаттарды емдеу ерекшеліктері, әскери-далалық емнің өзекті мәселелері. Жұқпалы ауруларды зерделеу, диагностикасы мен алдын алудың жалпы принциптері. Жұқпалы ауруханалардың тәртібі, емдеуге жатқызу ережелері. Жұқпалы ауруларды емдеу ерекшеліктері. Кеңінен тараған аурулардың этиологиясы, эпидемиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, емі және алдын алу (аэрогенді, парентералды жұқпа, тері жабының жұқпалары). Фтизиатриялық қызметті ұйымдастыру. Тыныс алу ағзалар туберкулезінің этиологиясы, патогенезі, эпидемиологиясы, жіктемесі, диагностикасы. Өкпеден тыс туберкулез түрлерінің негізгі клиникалық белгілерін анықтау. Асқынуы. Емі. Зертханалық зерттеу әдістері мәліметтерін сараптау.	
КПМК 02	Хирургиялық аурулар Айғақты медицина тұрғысынан кеңінен тараған хирургиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, хирургиялық ем әдістеріне көрсетімдер мен қарсы көрсетімдерді анықтау, операциялық іс-шаралардың принциптері, консервациялық емі. Соғыс жағдайында сырқаттарды емдеу ерекшеліктері, әскери-далалық хирургияның өзекті мәселелері. Микрохирургия және бейнехирургия туралы түсінік. Травматологияға кіріспе. Тірек-қимыл аппараты зақымдалған сырқаттарды зерттеу әдістері. Сынықтарды консервациялық және операциялық емдеудің негізгі принциптері. Көз, лор ағзалар жарақаттары. Урологиялық	405

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	аурулардың семиотикасы. Зәр шығару және жыныс ағзаларының өзіне тән емес қабынбалы аурулары. Урологиялық ауруларды емдеудің жаңа әдістері. Онкологияға кіріспе. Айғақты медицина тұрғысынан онкологиядағы диагностикалық және емдеудің жаңа әдістері. Онкоүдерістің дамуына бейімдеуші факторлар, кеңінен тараған ісіктердің клиникалық көрінісі, диагностикасы, емі. Зертханалық зерттеу әдістері мәліметтерін сараптау.	
КПМК 03	Акушерлік және гинекология Акушерлік және гинекологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі. Репродуктивті денсаулық туралы түсінік және оны қорғау. Жүктілікті жоспарлау. Физиологиялық жүктілік. Жүктілік ағымының қауіпті факторларын анықтау. Айғақты медицинаға сәйкес ДДҰ ұсынымына сәйкес сәйкес босандыру – қауіпсіз жүктілік пен қауіпсіз босану. Қауіп факторларын анықтау. Айқын асқынулар. Алдын алу. Емдік-сактау тәртібі. Жүкті әйелдерді босануға дайындау. Ұрық жағдайын бағалайтын антенаталды диагностика. Физиологиялық босану. «Қалыпты босану» туралы түсінік. Босану алды қауіп факторларын бағалау. Босандыру кезіндегі белсенді - күту әдістері туралы түсінік. Босану кезінде босанушы мен ұрық жағдайын бағалау (кардиомониторинг, партограмма). Асқынулардың алдын алу. Жансыздандыру. Аса ұқыптылықпен акушерлік көмек көрсету. Қан кетудің алдын алу. Босанудан кейінгі кезең физиологиясы. Айғақты медицинаға сәйкес кеңінен тараған гинекологиялық аурулардың жіктемесі, этиологиясы, клиникасы, диагностикасы, емдеудің негізгі принциптері. Онкогинекология негізі. Зерттеу әдістері,	405

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	салыстырмалы диагностикасы және емдеу принциптері. Зертханалық зерттеу әдістері мәліметтерін сараптау.	
КПМК 04	Балалар аурулары Педиатрияға кіріспе. Педиатриядағы айғақты медицина. Балаларда анамнез жинау және сырқатнама толтыру ерекшеліктері. Балаларда ағзалар мен жүйелерді физикалды қараудың ерекшеліктері. Балалардың физикалық, нерв-психикалық, жыныстық дамуын бағалау. ДДҰ бағдарламасы бойынша сау және сырқат балалардың тәртібін, күтімін, тамақтануын ұйымдастыру. Мерзімінде және шала туған нәрестелер, нәрестелік кезеңнің аурулары. ДДҰ бағдарламасы бойынша ерте жастағы балалардың аурулары (БШАИЖ). Ересек жастағы балаларда жиі кездесетін аурулар – тыныс алу ағзалары, жүрек-қан тамыр, ас қорыту, зәр шығару, эндокринді жүйе, қан аурулары. Балалардағы аллергиялық аурулар. Генді және хромосомды аурулар. Амбулаториялық педиатрия: сау және сырқат балаларды диспансерлік бақылау, иммундық профилактика. Ауамен-тамшылы жолмен берілетін балалардың жұқпалы аурулары, ішек жұқпасы. Зертханалық зерттеу әдістері мәліметтерін сараптау. Балалардағы фармакотерапияның ерекшеліктері.	405
КПМК 05	Жалпы дәрігерлік практика Жалпы дәрігерлік практика туралы түсінік, оның Қазақстан Республикасы мен әлемде даму тарихы. ЖПД жұмысының нормативтік-құқықтық қоры. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру принциптері (БМСК), жалпы практика дәрігерінің (ЖПД) жұмысын ұйымдастыру, ЖПД құқықтары мен міндеттері. ЖПД емделушілеріне өзара қарым-қатынас және	405

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	кеңес беру принциптері. Бекітілген тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Отбасымен жұмыс атқару. Әлеуметтік-маңызды аурулар дамуына әкелетін қауіп факторларын анықтау, дер кезінде анықтау және алдын алу принциптері (нормативтік-құқықтық қор, ұйымдастыру, скрининг бағдарламасының жүргізілуі мен мониторингі). ЖПД практикасында кеңінен тараған аурулармен ауыратын сырқаттарды емдеу тәсілдері мен диагностикалық критерийлері. ЖПД дәлелді жұмыстар негізіндегі медицина.	
КПМК 06	Неврология, психиатрия, наркология Неврология. Неврологияға кіріспе. Нерв аппаратының зақымдалу синдромы. Қимыл-қозғалыс қызметі бұзылыстары. Пирамидті, экстрапирамидті зақымдалудың негізгі көрінісі. Вегетативті нерв жүйесі мен жоғары ми талдағышының зақымдалу синдромы. Неврологиялық сырқаттарды зерттеу әдістері. Айғақты медицина ұстамы бойынша ересектер мен балаларда кеңінен тараған неврологиялық синдромдардың жіктемесі, этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, емінiң негiзгi принциптерi. Нерв жүйесінің тамырлы аурулары. Перифериялық нерв жүйесінің аурулары. Бас миы мен қабаттарының қабынбалы аурулары. Бас миының жарақаттық зақымдалуы. Нерв жүйесінің тұқым қуалайтын аурулары. Нерв ауруларының алдын алу. Психиатрия және наркология. Психиатрия және наркологиялық көмекті ұйымдастыру. Сараптама түрлері. Психикалық, наркологиялық ауруларды анықтаудың жаңа диагностикалық әдістері мен зерттеу принциптері. Психикалық, наркологиялық аурулар этиологиясы. Жалпы	405

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	психопатология. Негізгі клиникалық сипаты. Салыстырмалы - жастық ерекшелігі. Тәуелсіздік синдромы. Айғақты медицина ұстамы бойынша психикалық және наркологиялық аурулар емінің негізгі принциптері, емнің жаңа әдістері. Органикалық, экзогенді және соматогенді аурулар. Психобелсенді заттарды артық қолдану кезіндегі бұзылыстар. Алкоголизм. Металкогольды психоздар. Нашакорлық және токсикомания. Балаларда өту ерекшеліктері. Кездесу жиілігі. Клиникасы. Ургентті жағдай.	
КПМК 07	Жедел шұғыл медициналық көмек Халыққа жедел және шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру. Айғақты медицина. Шок. Кома. Діріл синдромы. Ауырсыну синдромы. Қан кетулер. Балалардағы мынадай кездейсоқ жағдайларда көрсетілетін жедел және шұғыл медициналық көмектің диагностикалық және емдеу алгоритмі: суға кету, электр жарақаты, үсіп қалу, күн және ыстық өту, насекомдар, жылан шағуы, аңдар тістеуі, жарақаттар, жарақаттық шок, жайылмалы аллергиялық аурулар, құлақ, алқым, мұрын, көз зақымдануы. Жүктілікті анықтау, үй жағдайында босандырып алу. Индетке қарсы шаралар.	405
КПТК	Таңдау бойынша компонент	405
	Барлығы	8100
ОҚТ 00	Оқытудың қосымша түрлері	
ОҚТ 01	Дене шынықтыру мен валеология	
ОҚТ 02	Өндірістік практика	
	Оқу-өндірістік практика «Кіші мейірбике көмекшісі (сырқаттар күтімі бойынша)»	36
	Оқу-өндірістік практика «Палаталық мейірбике көмекшісі»	72
	Оқу-өндірістік практика «Процедуралық мейірбике көмекшісі»	72

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Оқу-өндірістік практика «Ординатор-дәрігер көмекшісі»	144
	Оқу-өндірістік практика «Жедел жәрдем дәрігері көмекшісі»	144
	Барлығы	468
ОҚТ 03	Әскери даярлық	
МАБ	Мемлекеттік аралық бақылау	
МҚА	Қорытынды (мемлекеттік) аттестация	
	Қорытынды (5)	8568
ИКАП	Интернатураның кәсіптендіру пәндері	3240
ИКАПМК	Міндетті компонент	2880
	Таңдау бойынша компонент	360
	Мемлекеттік қорытынды аттестация: Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан	144
	НМБ (5+2) қорытындысы	11952
Ескерту: 1 Мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында таңдау компонентінің анықтамасы берілмейді, тек қана оған бөлінген жалпы кредит саны көрсетіледі. 2 Таңдау компонентінің толық атауларын жоғары оқу орындары кеңесінің шешімімен және студенттердің қалауы бойынша белгіленген пәндерді көрсете отырып, ЖОО-ның өзі жасайды.		

ИНТЕРНАТУРА

2 кесте «Жалпы дәрігерлік практика» (ЖДП) дайындауға бағытталған пәндер мазмұны

Пәндер циклдері	Пән және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 08	Жалпы дәрігерлік практика Жалпы практика дәрігерінің жұмысын ұйымдастыру, дәрігерлік амбулатория (ДА) жұмысы менеджментінің негізі. БМСК	720

2 кестенің жалғасы

1	2	3
	мекемесінің есеп-шот құжаттарын жүргізу. ЖПД клиникалық практикадағы айғақты медицина, жалпы практикадағы медициналық (клиникалық) аудитті ұйымдастыру, жүргізу және бағалау негізі. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) көрсету аясында көмек көрсету принциптері. Тыныс алу ағзалары, қанайналым, асқазан-ішек жолы, зәр шығару жүйесі, қан өндіру, эндокринді жүйелерінің патологиялық синдромдарында амбулаториялық жағдайда үлкендер мен балаларға арналған тиімді салыстырмалы диагностика, емдеу және кезеңді бақылау алгоритмдері. Жүкті әйелдерді, жасөспірімдерді, балаларды, қарт емделушілерге емшара жүргізу ерекше-ліктері. Зертханалық диагностика мәліметтеріне интерпретация жасау. Кезеңді хаттамалар қолдану. Сырқатқа медицина-лық-әлеуметтік сараптама жүргізу. Емдеуге жатқызуға дейін жедел және шұғыл көмек көрсету. ДА жағдайында стационарды алмастыратын технологияны іске асыру. Кеңінен тараған дерматологиялық аурулар-дың этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, емі және алдын алу. ЖПД клиникалық фармакология. Клиникалық фармакология, фармакотерапияның жалпы мәселелері. Өртүрлі аурулардағы клиникалық фармакология мен фармакотерапияның жеке мәселелері. Дерттің ауырлығына, жасына, жынысына байланысты белгілі бір сырқатқа дәрілік затты дұрыс таңдап алуға үйрету.	
КПМК 09	Ішкі аурулар (ЖДП) Барлық жас шамасында жиі кездесетін ішкі ағзалар ауруларының диагностикасы,	360

2 кестенің жалғасы

1	2	3
	емдеу, алдын алу. Айғақты медицина ұстамы бойынша ЖДП жағдайында стационарды алмастыратын технология мен емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде шұғыл жағдайды ерте анықтап, емшара көрсету. Зертханалық зерттеу әдістерінің мәліметтерін саралау. Синдромдарды талдауды, күрделі ішкі ағзалар патологиясына салыстырмалы диагностика жүргізуге, сырқаттын жасы және оның дәрілерге жеке сезімталдығын ескере отырып, емдеу әдістерін тандап алуға үйрету. Ішкі ағзалар бойынша клиникалық фармакология. Жүкті әйелдерді, жасөспірім-дерді, балаларды, қартты емдеу және бақылау ерекшеліктері.	
КПМК 10	Хирургиялық аурулар (ЖДП) ЖДП жағдайында стационарды алмастыратын технология мен емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде хирургиялық көмекті ұйымдастырудың жалпы принциптері: - жіті хирургиялық патология: жіті аппендицит, жіті ішек өтімсіздігі, асқынған жаралы дерт (қан кету, перфорация, пенетрация), жұмсақ тіндердің ірінді үдерісі, тамыр аурулары (жіті көктамырлық флеботромбоздар, тромбофлебиттер, артерия эмболиясы), геморрой, тік ішектің сызаттануы, бурсит, тендовагинит; - соққылар, жаралар, хайуанаттардың тістеуі, үсік шалу, күйіктер; - сүйектің сынуы, жарақаттық остеомиелит, буын шығулар, иықтың ойнамалы буын шығуы; - жалпақ табан, бұлшық етті қысық мойын, туа біткен маймақ аяқ, туа біткен жамбастың шығуы, омыртқалардың қисаюы; - бүйрек шаншуы, зәрдің жіті кідірісі,	180

2 кестенің жалғасы

1	2	3
	простатит, простата аденомасы, цисталгия, крипторхизм; - жұтқыншақтан, құлақтың сыртқы өзегінен, мұрын қуыстарынан бөгде заттарды анықтау және алу тәсілі; - көру ағзаларының жарақаттары, глаукоманың жедел ұстамасы.	
КПМК 11	Акушерлік және гинекология (ЖДП) ЖДП жағдайында стационарды - алмастыратын технология мен емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастырудың жалпы принциптері: - жүктілікті антенаталды бағалау, босануға психо-элеуметтік дайындау, ДДҰ ұсынымына сәйкес сәйкес омыраумен коректендіруге дайындау; - жүктіліктің патологиялық ағымы (барлық патологиялар жүкті әйелдер стационарлық ем қабылдау керек), жүктілік кезіндегі экстрагениталды патология, түсіктің негізгі себептері және оның алдын алу; - босанудан кейінгі қабынбалы аурулар; - етеккір қызметінің бұзылуы; - отбасын жоспарлау, контрацепция, ұрпақсыз отбасы мәселелері; - нейроэндокринді синдром; - гениталды туберкулез; - жыныс жолдарымен берілетін аурулар; - сүт безі қатерлі ісігінің алдын алу.	360
КПМК 12	Балалар аурулары (ЖДП) Айғақты медицина ұстамы бойынша ЖДП жағдайында стационарды - алмастыратын технология мен емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде балаларға көмекті ұйымдастырудың жалпы принциптері: - ДДҰ кеңесі бойынша мерзімінде және шала туған нәрестелердің патологиясы,	360

2 кестенің жалғасы

1	2	3
	нәрестелік кезеңнің патологиясы; - балалардың нерв-психикалық және физикалық дамуын бағалау, күтімді ұйымдастыру, ДДҰ бағдарламасы бойынша ерте жастағы дені сау және сырқат балаларды рационалды тамақтандыру; - ерте жастағы балаларды кезеңді бақылау, иммундық алдын алу; - балалық шақта жиі кездесетін аурулардың негізгі синдромдарына байланысты диагностикалық, емдеу және алдын алу шараларын ұйымдастыру; - балалық шақтағы ауруларды қоса емдеу (БШДИЖ) принциптеріне сәйкес әртүрлі жастағы балаларда кездесетін шұғыл жағдайларды ерте анықтау және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.	
КПМК 13	Психиатрия және наркология (ЖДП) БМСК жағдайында психиатриялық және наркологиялық көмекті ұйымдастыру. Психиатриялық, наркологиялық патологияларды дер кезінде анықтап және шұғыл көмекті көрсету үшін арнаулы білім мен практикалық дағдыларды тереңдету, сырқаттарды арнаулы мамандарға бағыттау. Айғақты медицина тұрғысында мынадай нозологиялар бойынша амбулаториялық жағдайда психиатриялық және наркологиялық сырқаттарды емдеу тәсілдері: депрессия, шизофрения, невроздар, неврастения, әртүрлі соматикалық аурулардағы психоздар, психопатиялар, сексопатологиялық бұзылыстар, алкоголизм, нашакорлық, уытқұмарлық, геронтологиялық аспектілерге байланысты психикалық бұзылыстар. Оңалту және қайта бейімдеу. Сараптама.	180

2 кестенің жалғасы

1	2	3
КПМК 14	Неврология (ЖДП) Неврологиялық патологияларды дер кезінде анықтап және шұғыл көмекті көрсету үшін арнаулы білім мен практикалық дағдыларды тереңдету, сырқаттарды арнаулы мамандарға бағыттау. Айғақты медицина ұстамында мынадай нозологиялар бойынша амбулаториялық жағдайда неврологиялық аурулармен сырқаттарды емдеу тәсілдері: ми қанайналымының жіті бұзылыстары, дисциркуляторлы энцефалопатиялары, перифериялық нерв жүйесінің аурулары, миофасциалды синдромдар, бас миы және оның қабығының қабынбалы аурулары, бас миының жарақаттық зақымдалуы. Мамандыққа байланысты нерв жүйесінің дерті: діріл ауруы. Негізгі генетикаға байланысты неврологиялық аурулар.	180
КПМК 15	Фтизиатрия (ЖДП) Тыныс алу ағзалары туберкулезінің диагностикасы, амбулаториялық жағдайда туберкулездің өкпеден тыс негізгі клиникалық белгілерін анықтау. Контингенттерді диспансерлік бақылау, амбулаториялық жағдайда туберкулезге химиотерапия мен химиопрофилактика жүргізу, бекітілген халық арасында санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу. Туберкулезге күдік туған кездегі жүргізілетін зерттеу алгоритмі. Туберкулезге қарсы, індетке қарсы шараларды ұйымдастыру. Туберкулездің иммундық және химиялық алдын алу. Туберкулез және АКТҚ жұқпалары. Туберкулез және қант диабеті. Туберкулез және нашақорлық, туберкулез және алкоголизм. Туберкулез, жүктілік және ана болу. Туберкулез клиникасындағы шұғыл жағдайлар.	180

2 кестенің жалғасы

1	2	3
КПМК 16	Жұқпалы аурулар (ЖДП) Жұқпалы аурулар қызметін ұйымдастыру. Мынадай жұқпалы аурулардың этиологиясы, патогенезі, эпидемиологиясы, жіктелімі, диагностикасы және емі: бруцеллез, жіті ішек жұқпасы, АҚТҚ-жұқпасы, сүзек және парасүзек, вирусты гепатиттер, ботулизм, тамшылы жұқпалар, безгек, токсоплазмоз, тілме, оба, тырысқақ, құрт және паразиттік жұқпалар, балалар жұқпалары – ауамен-тамшылы, экзантемалар, менингококкты жұқпа. Диарея және ЖРЖ бойынша ДДҰ-ның балалық шақтағы ауруларды қоса емдеу бағдарламасы. Аса қауіпті жұқпа мен карантин кезінде ЖПД жүргізетін шаралар.	180
КПМК 17	Онкология (ЖДП) ҚР онкологиялық қызметін ұйымдастыру. Онкологиядағы құжаттарды тіркеу. Онкологиялық сырқаттардың клиникалық топтары. Онкологиялық сырқаттарды диспансерлеу принциптері. Ісік алды (облигатты және факультативті обыр ісігі) және ісік үдерісінің этиологиясы, патогенезі, патоморфологиясы, жіктелімі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, емі және алдын алу. Жаңа ісік даму қаупін анықтау, онкологиялық ауруларды ерте анықтаудағы скрининг бағдарламасын ұйымдастыру және жүргізу. Сатылары (I-IV сатылары) мен TNM жүйесі бойынша АҚІ клиникалық жіктелімі. Хирургиялық ем, химия, Кескінді терапия, паллиативті емнен соң және терминалды сырқаттарға (ауырсыну синдромы және обыр кезінде ауырсынуды басатын, депрессивті синдром және оны емдеу әдістері) көрсетілген симптоматикалық көмектен кейінгі сырқатты оңалту.	180

2 кестенің жалғасы

1	2	3
	Онкологиядағы айғақты медицина. Онкологиядағы деонтология.	
КПТК	Таңдау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестация Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан	144
	Қорытынды	3384

3 кесте «Гигиена және эпидемиология» дайындауға бағытталған пәндер мазмұны (ГЭ)

Пәндер циклдері	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар көлемі
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 18	Жалпы гигиена (ГЭ) Санитарлық-гигиеналық зерттеулер техникасы. Қоршаған орта факторлары және оның халық денсаулығына әсері, қолайсыз факторлардың алдын алу. Ауалы ортаның гигиенасы. Сумен камтамасыз етудің негізі, ауыз судың сапасын қалыптастыру және оның сапасын жақсарту әдістері. Топырақ гигиенасы. Елді-мекен, тұрғын үй, емдеу-алдын алу мекемелердің жоспарлануына қойылатын гигиеналық талаптар.	180
КПМК 19	Денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру (ГЭ) Денсаулық сақтау саласының басқару жүйесі мен атқаратын қызметінің негізі. Медицина және денсаулық саласындағы маркетинг және менеджмент. Басқару теориясы, жалпы негіздер, жүйе, ұйымдастыру туралы түсініктер менеджмент негізі болып табылады. Денсаулықты жүйелі түсіну және бағалау. Денсаулық сақтау саласындағы маркетинг дамуының алдыңғы себептері. Маркетинг туралы түсінік. Маркетинг тұжырымдамалары. Қажеттілік, мұқтаждық,	360

3 кестенің жалғасы

1	2	3
	сұраныс, тауар, айырбастау, келісім және нарық туралы түсініктер. Денсаулық сақтау саласындағы менеджерлер. Басқару шешімдерін қабылдау. Ұжым басшысының атқаратын қызмет құрылымы мен іс-әрекеті. Бизнес-жоспар, негізгі ережелері мен мазмұны. Бизнес-жоспарды құрастыру. Басқару функциясы. Стратегиялық жоспарлау келешекті болжау және бағдарлау.	
КПМК 20	Коммуналдық гигиена (ГЭ) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының даму келешегі мен халық денсаулығы жағдайының ғылыми мәселелері. Ауыз сумен қамтамасыз етудің негізгі принциптері, сумен қамтамасыз ететін көздердің сипаты. Ауыз суды өңдеудің жаңа тәсілдері және сапасына қойылатын талаптар. Ластанған су көздері, оның салыстырмалы сипаты, су тұтынушылар категориясы, ластанған су көздерінің халықтың өмір сүру тіршілігіне әсері, тазарту үдерістері, ағып келіп қосылатын сулар түрлері, оларды тазарту түрлері. Топырақтың ластану көздері. Топырақтағы химиялық заттардың гигиеналық деңгейін анықтайтын әдістер. Топырақты қорғау бойынша атқарылатын іс-шаралар, елді мекендерді тазартудың жаңа тәсілдері. Атмосфералық ауаның ластану көздері. Атмосфералық ластану деңгейін анықтайтын гигиеналық принциптер. Атмосфералық ауаны қорғайтын шаралар. Қоғамдық мекемелер мен тұрғын үйлердің гигиенасы: жарықтандыру, жылу, вентиляция, микроклимат, құрылыс материалдары. Қоғамдық мекемелер мен тұрғын үйлердің жобаларына сараптама жасау. ЕАМ гигиенасы. Елді мекенді жоспарлау гигиенасы: аудандық жоспарлау негізі,	360

3 кестенің жалғасы

1	2	3
	қазіргі жағдайда қала жабдыкталуы мен жоспарлануы, елді мекендерді қызметіне байланысты аймақтарға бөлу, сыртқы ортаның физикалық факторларын нормалаудың гигиеналық негізі (инсоляция, шу, діріл, ЭМП).	
КПМК 21	Еңбек гигиенасы (ГЭ) Еңбек физиологиясы. Жұмысқа қабілеттілік пен шаршағыштықты зерттейтін физиологиялық және психологиялық зерттеу әдістерін меңгеру, еңбек тәртібінің организмге әсері, еңбек ауыртпалығы мен шиеленісті бағалау. Өндірістік ортаның физикалық факторларын зерттеу әдістерін игеру және оның организмге әсерін гигиеналық бағалау. Өндірістік жарықтандырудың физикалық факторларын зерттеу әдістерін игеру және гигиеналық бағалау. Өнеркәсіп мекемесі жұмысшыларына медициналық-санитарлық қызмет көрсету. Жеке қорғау іс-шаралар түрлері және оның тиімділігін бағалайтын тәсілдермен танысу. Өнеркәсіпте санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу әдістерін игеру. Еңбек гигиенасы мен қорғау саласындағы негізгі заңдарды білу және практикада қолдану. Практикада ескертпелі санитарлық қадағалауды игеру. Еңбек гигиенасы. Дербес компьютер және дисплеймен жұмыс істеу гигиенасы. Ересек адамдардың еңбек гигиенасы. Өнеркәсіптік мекеменің негізгі салаларымен танысу (технологиялық үдерістердің негізгі кезеңдері мен өндірістегі еңбек жағдайын оқып тану). Көмір және кең өндіріп шығаратын өнеркәсіптер. Қара металлургия. Түсті металлургия. Машина құрастыратын өнеркәсіп. Жеңіл өнеркәсіп. Ауыл шаруашылығы (мал және өсімдік шаруашылығы).	360

3 кестенің жалғасы

1	2	3
КПМК 22	Эпидемиология (ГЭ) Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың эпидемиологиясы. Эпидемиологиялық зерттеулердің негізгі әдістемелік принциптері. Денсаулыққа байланысты аурулар мен мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі. Эпидемиологиялық үдерісті оқып тану. Жұқпалы аурулардың алдын алудың негізгі принциптері. Эпидемиологиялық диагностика мен жеке эпидемиология, індетке қарсы шараларды ұйымдастыру. Эпидемиологиялық қадағалаудың негізгі бағыттары. Эпидемиологиялық саралау. Көпжылдық, жылдық сырқаттануға ретроспективті эпидемиологиялық саралауды жүргізу, эпидемиологиялық белгілеріне байланысты сырқаттану. Төтенше эпидемиологиялық саралау. Эпидемиологиялық қадағалау жүйесінде зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру. Жұқпалы емес аурулардың эпидемиологиясы. Жұқпалы емес ауруларды анықтайтын факторлардың медициналық-экологиялық жиынтығы. Жұқпалы емес аурулар эпидемиологиясындағы себепкер факторлар түрі. Сырқаттану деңгейін төмендетуге бағытталған алдын алу шаралар кешенін құру. Алдын алу шараларының тиімділігін бағалау. Клиникалық эпидемиология айғақты медицина негізі.	720
КПМК 23	Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (ГЭ) Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы. Физикалық даму денсаулық көрсеткіші. Балалар мен жасөспірімдердің білім алу гигиенасы. Қимыл-қозғалыс белсенділігі және балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі гигиенасы. Еңбек тәрбиесі, білім алу, мамандықты игеру гигиенасы. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтану гигиенасы. Балалардың даму ортасы, тәрбиесі, білім алу	360

3 кестенің жалғасы

1	2	3
	гигиенасы. Балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі. Гигиеналық тәрбие және үйрену. Балалар мен жасөспірімдерді медициналық және санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен қамтамасыз ету.	
КПМК 24	Тағам гигиенасы (ГЭ) Тағамның ғылыми мәселелері және оның халық денсаулығы мен еңбек қабілетіне байланыстылығы. Қазақстан Республикасындағы тағамның ұлттық стратегиясы. Тағам физиологиясы мен биохимиясының гигиеналық негізі. Халықтың әртүрлі жас шамасы және мамандық бойынша ұтымды тамақтану негізі. Тағамның азықтық және биологиялық құндылығы, оның санитарлық-эпидемиологиялық маңызы. Тағам және тағамнан уланудың санитарлық-эпидемиологиялық маңызы. Тағам гигиенасына мемлекеттік санитарлық қадағалау. Емдеу-алдын алу және емдік-емдәмдік тағам. Қоғамдық тамақты ұйымдастырудың гигиеналық принциптері. Тағам нысандарындағы тағам өнеркәсіптерінің технологиялық үдерісі мен жұмысшылар еңбек жағдайының гигиенасы. Тағамның гигиеналық сараптамасы мен санитарлық қорғау принциптері. Тағам гигиенасына ескертпелі және күнделікті санитарлық қадағалау. Азық-түлікті стандарттау және сертификаттау.	360
КПМК 25	Жұқпалы аурулар (ГЭ) Жұқпа туралы түсінік, жіктемесі. Жалпы принциптері. Жұқпаның алдын алу. Ішек жұқпалары және инвазиялары. Тағамдық уытты жұқпа. Вирусты гастроэнтериттер. Вирусты гепатиттер. Иерсиниоздар. Бруцеллез. Лептоспироз. Токсоплазмоз. Ауалы-тамшылы жұқпа. Тұмау және басқа ЖРВЖ. Менингококкты жұқпа. Мононуклеоз.	180

3 кестенің жалғасы

1	2	3
	Қарапайым шешек. Орнитоз. Легионеллез. Қан жұқпалары: АҚТҚ-жұқпа, оба, туляремия. Тері жабын жұқпалары. Азия, Африка, Океания елдерінде маңызды аурулардың географиялық таралуы. Тропикалық мемлекеттерде дәрігер жұмысының ерекшелігі. Гельминтоздар, трематодоздар, цестоздар, тропикалық нематоздар, лейшманиоздар, трипаносомоздар. Алапес.	
КІТК	Таңдау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестаттау	144
	Қорытынды	3384

4 кесте «Ішкі аурулар» дайындауға бағытталған пәндер мазмұны (ІА)

Пәндер циклдері	Пән және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 26	Ішкі аурулар Келесі бөлімдерде анықтауға қиын типтік және сирек кездесетін аурулардың этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, емі және алдын алу: кардиология, ревматология, пульмонология, гастроэнтерология, нефрология, клиникалық иммунологиямен аллергология, эндокринология, гематология, барлық бөлімдерде онкологиялық аурулар проблемалары қамтылған. Жасөспірімдерді, жүкті әйелдер мен қарттарды емдеу ерекшеліктері. Госпиталды кезеңде шұғыл жағдайдағы дәрігер тәсілі – диагноз қою, реанимациялық шаралар жүргізу, негізгі аурулардың асқинуларының алдын алу. Сырқаттың еңбекке жарамдылығына сараптама жүргізу.	1080

4 кестенің жалғасы

1	2	3
КПМК 27	Клиникалық зертханалық диагностика (IA) Клиникалық зертханалық диагностика. Жалпы клиникалық зерттеулердің клиникалық-диагностикалық маңыздылығы: қан, гемостаз, ҚСР, электролитті баланс, белок, көмірсу, липидтер алмасуының метаболиттері. Қақырықты, нәжісті, қуыстарда жиналған сұйықтықтарды, жұлын сұйықтығы, асқазан және ұлтабар құрамының жалпы клиникалық зертханалық зерттеулері.	360
КПМК 28	Психиатрия және наркология (IA) Соматикалық бұзылыстармен жүретін негізгі синдромдар: жасырын депрессия, истериялық конверсия, сал аурулары, афония, астазия-абазия, жұтыну бұзылыстары, енгігу, құсу, ипохондрия, дисформация, астеникалық синдром. Аталған синдромдардың диагностикалық маңыздылығы. Психиатриядағы айғақты медицина. Интоксикация кезіндегі психикалық бұзылыстар, жалпы көрінісі. Маңызды өнеркәсіптік улар (ауыр металлдар, мышьяк, фосфорорганикалық қосылыстар, органикалық ерітінділер, көмір қышқылы), жіті және созылмалы интоксикацияның клиникалық көріністері, ерте байқалуы. Психикалық бұзылыстарды шақыратын медициналық заттар. Психикалық бұзылыстардың тамырлы генезі. Жалпы сипаты, таралуы, нозологиялық түрлері: атеросклероз, гипертониялық ауру, гипотония және т.б. Клиникалық көрінісі: невроз- және психоз тәрізді бұзылыстар, деменцияның әртүрлі нұсқалары. Басқа да органикалық және эндогенді психикалық аурулармен салыстырмалы диагностикасы. Психобелсенді заттарды артық мөлшерде қабылдау кезіндегі бұзылыстар. Тәуелділіктің этиологиясы мен патогенезі. Алкоголизм. Коморбидті соматикалық патология.	180

4 кестенің жалғасы

1	2	3
	Металкоғолды психоздар. Нашакорлық және токсикомания. Таралуы. Медициналық-әлеуметтік зардаптары. Ургентті жағдай. Шұғыл көмек.	
КПМК 29	Фтизиатрия (ІА) Туберкулездің таралуы. Туберкулездің этиологиясы мен патогенезі. Патоморфология. Туберкулезге күдік туған кездегі зерттеу алгоритмі. Тыныс алу органдарының екінші туберкулезінің клиникалық түрі. Өкпеден тыс туберкулез. Жүкті әйелдерде туберкулез ағымының ерекшеліктері. Асқынулары. Туберкулезбен ауыратын сырқатты емдеудің жалпы принциптері мен жаңа әдістері. DOTS – туберкулез бақылаудың жаңа стратегиясы. DOTS – хаттамасына сәйкес туберкулез химиотерапиясы. Алдын алу. Туберкулезге қарсы күресті ұйымдастыру.	180
КПМК 30	Жұқпалы аурулар (ІА) Топтар бойынша жұқпалы аурулардың этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, емдеу тәсілдері мен принциптері: ішек жұқпалары, аэрогенді жұқпалар, парентералды жұқпалар, АҚТҚ-жұқпасы, тері жабыны жұқпалары, аса қатерлі және шектеу қойылатын жұқпалар. Жұқпалы аурулардағы айғақты медицина.	180
КПМК 31	Клиникалық фармакология (ІА) Клиникалық фармакология мен фармакодинамиканың жалпы мәселелері: клиникалық фармакодинамика, клиникалық фармакокинетика, фармакогенетика, фармакоэпидемиология, фармакоэкономика, формулярлы жүйе, рационалды фармакотерапия негізі, клиникалық фармакологияның этикалық және әлеуметтік аспектілері, айғақты медицина. Ішкі ағзалар аурулары кезіндегі клиникалық фармакология мен фармакотерапияның жеке	360

4 кестенің жалғасы

1	2	3
	мәселелері. Нақты сырқат дертінің ауыр жағдайын, қосалқы патологиясын, жасын, жынысын ескере отырып, дәрілік заттарды дұрыс таңдап тағайындауға үйрету.	
КПМК 32	Неврология (ІА) Тамыр ауруларының клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, шұғыл көмек көрсету: ми қан айналым бұзылыстары, церебралды гипертониялық криз, субоорохноидты қан құйылулар, геморрагиялық, ишемиялық инсульт, магистралды тамырлардың бітелу синдромы, созылмалы тамырлыми жеткіліксіздігі. Бас миы мен жұлынның тамырлы патологиясын оңалту, алдын алу. Өртүрлі жас шамасындағы невроз және психоз тәрізді жағдайлар, терапиялық көмек тәсілдері. Ішкі ағзалар аурулары кезіндегі нерв жүйесінің өзгерістері. Нерв жүйесінің ісіктері. Неврологиядағы айғақты медицина.	180
КПМК 33	Реанимация мен қарқынды терапия (ІА) Реанимациялық және қарқынды терапия бөлімшесінің ұйымдасуы мен жұмысы. Жүрек-өкпе-ми реанимациясы. Инфузионды ем, парентералды тамақтандыру. Гемотрансфузия. Гемодинамика бұзылыстары. Ішкі аурулар клиникалық көрінісіндегі шұғыл жағдайларды көрсетілетін қарқынды терапия мен реанимация. Жасөспірімдер, жүкті әйелдер мен қарт адамдарды емдеу ерекшеліктері. Реанимациялық және қарқынды терапиядағы айғақты медицина.	180
КПМК 34	Визуалды диагностика (ІА) Сүйектер мен буындарды кескіндеу (рентген, КТ, УДЗ, МРТ, ядролы медицина). Буынның қабынбалы, метаболитикалық, дегенеративті аурулардың кескінді көрінісі. Өкпені кескінді зерттеу тәсілдері (рентген, КТ, УДЗ, МРТ). Өкпенің ошақты және шашыранды	180

4 кестенің жалғасы

1	2	3
	зақымдалуының кескінді көрінісі. Жүрек және тамыр кескіндері. Туа біткен және жүре пайда болған жүрек кемістіктері, миокард пен перикард ауруларының кескінді көрінісі. Ас қорыту ағзаларының кескіні. Асқазан, ішек, бауыр, билиарлы жүйе, ұйқы безінің кескінді көрінісі. Эндокринді жүйе ағзаларының кескіні (қалқанша безі, бүйрек үсті бездері). Бүйрек пен зәр шығару жолдарының кескіні. Жіті, созылмалы қабынбалы аурулар, нефролитиаздар, поликистоздардағы кескінді көрініс.	
КПТК	Таңдау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестация	144
	Қорытынды	3384

5 кесте «Хирургия» дайындауға бағытталған пәндер мазмұны (X)

Пәндер циклдері	Пәндер және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 35	Хирургия Стационар жағдайында анықтауға қиын әрдайым, типті және сирек кездесетін хирургиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, хирургиялық және консервациялық емдерді таңдап алу, операцияға дайындау принциптері, операциядан кейін емдеу және операциялық іс-шараларды орындау техникасы. Жасөспірімдер, жүкті әйелдер мен қарттарды емдеу ерекшеліктері. Зертханалық зерттеу әдістері мәліметтерін саралау. Хирургия саласындағы клиникалық фармакология. Жіті хирургиялық патологияда шұғыл көмек көрсету. Жиі кездесетін урологиялық аурулардың	1080

5 кестенің жалғасы

1	2	3
	этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, салыстырмалы диагностикасы, хирургиялық, консервациялық емін таңдап алу. Шұғыл жағдайда жедел көмек көрсету. Хирургия және урология жағдайындағы айғақты медицина. Хирургиялық аурулардағы клиникалық фармакология мен фармакотерапияның жеке мәселелері. Нақты сырқаттың ауыр жағдайын, қосалқы патологиясын, жасын, жынысын ескере отырып, дәрілік заттарды дұрыс таңдап тағайындауға үйрету.	
КПМК 36	Анестезиология мен реанимация (Х) Анестезиология, реанимациялық және қарқынды терапия бөлімшесінің ұйымдасуы мен жұмысы. Анестезиология мен реанимациядағы айғақты медицина. Наркозға сырқатты дайындау. Премедикация, мақсаты және құралдары. Анестетик түрлері. Анестезияның жергілікті әдістері. Анестезияның қиыстырылған және үйлестірілген түрлері. Ерте жасалған операциядан кейінгі кезең ерекшеліктері. Инфузиялы терапия, парентералды тамақтандыру. Гемотрансфузия. Жіті тыныс алу жетіспеушілігі, жіті жүрек-қан тамыр жетіспеушілігі, діріл, гипертермиялық синдром кезінде көрсетілетін реанимациялық шаралар мен қарқынды терапия. Емдік наркоз. Шок. Шок, перитонит, септикалық асқынулар кезінде көрсетілетін реанимациялық шаралар мен қарқынды терапия. Хирургияның эфферентті әдістері. Жасөспірімдерді, жүкті әйелдер мен қарт адамдарды емдеу ерекшеліктері.	360
КПМК 37	Балалар хирургиясы (Х) Балалардағы хирургиялық аурулар мен даму кемістіктерінің семиотикасы, диагностикасы: шұғыл хирургия, іріңді-қабынбалы аурулар, ағзалар мен жүйелердің даму кемістіктері, нәрестелер хирургиясы, жоспарлы хирургия, урология, травматология. Онкология. Салыстыр-	360

5 кестенің жалғасы

1	2	3
	малы диагноздың синдромды принциптері, операциялық іс-шара көрсету, хирургиялық тәсіл, операция алдындағы, одан кейінгі кезеңдерді жүргізу, мүмкін асқынулары және оны алдын алу шаралары. Балалар хирургиясындағы айғақты медицина. Балалар хирургиясындағы деонтология.	
КПМК 38	Клиникалық анатомия және операциялық хирургия (X) Клиникалық анатомияны оқып тану әдістері. Клиникалық анатомияның негізгі түсінігі. Дененің жеке бөліктерінің клиникалық анатомиясы: қол-аяқ, бас, мойын, кеуде қуысы, плевра, өкпе, жүрек, өңеш, іш қуысы. Операциялық шаралардың негізгі принциптері. Хирургиялық операцияның түрлері: радикалды, паллиативті, диагностикалық. Хирургиялық құрал-жабдықтар, балалар хирургиясындағы ерекшелігі. Тіндерді қабыстыру және ажырату ережелері мен әдістері. Ультрадыбыс, лазер, желімдеуші затын қолдану. Микрохирургия. Тігу материалдары. Механикалық тігу. Тігу түрлері. Жергілікті жансыздандыру тәсілдері. Қан кетуді тоқтататын әдістер. Жараны алғаш тазарту принциптері.	360
КПМК 39	Травматология және ортопедия (X) Халыққа травматологиялық көмекті ұйымдас-тыру. Жарақаты бар сырқатты зерттеп қарау ерекшеліктері. Сынықтың нақты және мүмкін белгілері. Магистралды тамырлар мен нервтердің зақымдалу белгілері. Көлікпен иммобилизация-лау. Сынықтарға рентгендиагностика жүргізу, сүйектер жетілуінің клиникалық-рентгенология-лық белгілері. Қаңқаны керіп қою. Остеосинтез әдістері. Иық аймағының, аяқтардың, кеуде қуысының, омыртқалардың, жамбастың зақымдалулары. Сынықтардың хирургиялық емі. Саусақ жарақатын емдекте қолданылатын микрохирургиялық әдістер. Күрделі жарақат.	360

5 кестенің жалғасы

1	2	3
	Сүйектер мен буындардың дегенерациялық-дистрофиялық және қабынбалы аурулары. Консервациялық ем, операциялық ем көрсету. Туа біткен, жүре пайда болған аурулар, қаңқаның тартылу және салдану деформациясы. Сүйек пен буындардың қатерсіз және қатерлі ісіктері. Жиі кездесетін ортопедиялық аурулар, жарақаттары бар сырқаттардың алдын алу әдістері, оналту.	
КПМК 40	Офтальмология (X) Көру қызметі, жас динамикасы. Физиологиялық оптика, рефракция, аккомодация және оның жас ерекшелігі. Көру ағзасын зерттеу әдістері. Кеңінен тараған көз ауруларын ерте диагностикалау: қабақ, жас ағзасы, конъюнктивит, қасаң қабаты, тамырлы қабық, көз торы, көру нерві, хрусталик, көз қозғалтқыш аппараты, глаукома патологиясы. Консервациялық және хирургиялық емдеу әдістері. Алдын алу. Дәрігерлік-еңбек сараптамасы. Көз және оның туынды аппаратының зақымдалулары. Көз жарақатын анықтау әдістері, дәрігерлік көмек көрсету түрлері. Нәтижесі. Асқынуларды емдеу. Алдын алу. Офтальмологиядағы айғақты медицина.	180
	Оториноларингология (X) Есту және вестибулярлы талдағыштар. ЛОР-ағзаларды эндоскопиялық зерттеу әдістері. Сыртқы және ортаңғы құлақ аурулары. Ортаңғы құлақтың созылмалы аурулары. Мұрын және оның туынды қуыстарының аурулары. Көмей, жұтқыншақ аурулары. Жоғарғы тыныс жолдары мен құлақтың ісіктері мен жұқпалы гранулемалары. ЛОР-ағзаларындағы бөгде зат пен жарақаттарда көрсетілетін шұғыл көмек.	180
КПМК 41	Маммология мен онкология (X) ҚР онкологиялық қызметін ұйымдастыру. Онкологиялық диспансер, мақсаты, қызметі. Онкологиядағы есепке алу құжаттары. Онкологиялық сырқаттардың клиникалық	180

5 кестенің жалғасы

1	2	3
	топтары. Онкология саласында диспансерлеу принциптері. Обыр алды ісігі (облигатты және факультативті обыр алды). ҚТІ сатылар (I-IV сатылары) мен TNM жүйесі бойынша клиникалық жіктемесі. Сырқаттану, факультативті және облигатты обыр алды ісігі. TNM жүйесі мен сатылары бойынша гистологиялық және патоморфологиялық жіктемесі, клиникасы, ҚТІ негізгі орналасуына байланысты диагностикалық және емдеу әдістері: Өкпенің, кеуде пердесінің, қалқанша безінің, өңештің, асқазанның, тоқ ішектің, тік ішектің, бауырдың, ұйқы безінің, сүйектің, жұмсақ тіннің, терінің обыр ісіктері, меланомалар, лимфогранулематоз. Сүт безінің обыр алды дерті мен обыр ісігі. Сырқаттану, қауіп факторлары. Жіктемесі. Клиникасы. Диагностикалық, кешенді және үйлестірілген емдеу әдістері. ҚТІ асқынған түрлерінде сырқаттарға паллиативті және симптоматикалық көмек көрсету.	
КПМК 42	Хирургиядағы визуалды диагностика Кеуде қуысы ағзалар хирургиялық ауруларының кескінді көрінісі (рентген, КТ, УДЗ, МРТ), балалардағы ерекшеліктері. Іш қуысы ағзаларының, бүйрек, зәр шығару жолдарының хирургиялық ауруларының кескінді көрінісі, балалардағы ерекшеліктері. Жіті урологиялық аурулардың кескінді көрінісі, балалардағы ерекшеліктері. Сүйек, буын жарақаттарының кескінді көрінісі, балалардағы, ересектердегі, қарттардағы ерекшеліктері.	180
КПТК	Таңдау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестация	144
	Қорытынды	3384

6 кесте «Педиатрия» дайындауға бағытталған пәндер мазмұны (II)

Пәндер циклдері	Пән және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 43	Балалар аурулары Қазақстан Республикасындағы балаларға емдеу-алдын алу көмегін ұйымдастыру. Перинаталды сәби және бала өлімі. Айғақты медицина ұстамындағы мынадай бөлімдер бойынша балалық шақ ауруларының диагностикалық алгоритмі, жіктемесі, емдеу хаттамалары мен тәсілдері, салыстырмалы диагностикалау, оңалту, алдын алу: неонатология, ерте (ДДҰ ұсынымына сәйкес сәйкес) және ересек жастағы балалар аурулары (пульмонология, кардиоревматология, эндокринология, гастроэнтерология, нефрология, клиникалық иммунология және аллергология, генетикалық және метаболитикалық аурулары). Педиатриядағы функциялы және клиникалық зертханалық диагностика. Қанның жалпы клиникалық анализі, жас ерекшелігі, клиникалық-диагностикалық ерекшелігі. Гемостаз, ҚСР, электролитті баланс, белок, көмірсу, май алмасу метаболиттерін зерттеудің клиникалық диагностикалық маңызы. Қақырықты, нәжісті, қуыстарда жиналған сұйықтықтарды, жұлын сұйықтығы, асқазан және ұлтабар құрамының жалпы клиникалық зертханалық зерттеулері.	1260
КПМК 44	Фтизиатрия (II) Қазақстан Республикасында балалардан туберкулезді анықтауды ұйымдастыру. Қауіп топтарындағы балалар мен жасөспірімдерден туберкулезді алғашқы жұқтыруды анықтаудағы Манту туберкулинді сынағының маңызы. Алғашқы туберкулездің клиникалық түрі. DOTS – туберкулез бақылаудың жаңа	180

6 кестенің жалғасы

1	2	3
	стратегиясы. DOTS – хаттамасына сәйкес туберкулез химиотерапиясы. Алдын алу. Туберкулезге қарсы күресті ұйымдастыру.	
КПМК 45	Балалар жұқпалы аурулары (II) Балаларда жұқпалы аурулардың диагностикалық алгоритмі, жіктемесі, емдеу хаттамалары мен тәсілдері, салыстырмалы диагностикасы, оңалту, алдын алу. ДДҰ ұсынымына сәйкес сәйкес төтенше және шұғыл жағдайлардағы қарқынды терапия: эксикоз, токсикоз, ми және өкпе ісіктері, жіті бүйрек жетіспеушілігі, ДВС синдромы, ларингоспазм. Балалар жұқпалы ауруларындағы айғақты медицина. Балалар мекемелеріндегі карантиндік іс-шаралар. Катамнезді бақылау және диспансерлеу.	360
КПМК 46	Клиникалық фармакология (II) Клиникалық фармакология мен фармакодинамиканың жалпы мәселелері: клиникалық фармакодинамика, клиникалық фармакокинетика, фармакогенетика, фармакоэпидемиология, фармакоэкономика, формулярлы жүйе, рационалды фармакотерапия негізі, клиникалық фармакологияның этикалық және әлеуметтік аспектілері, айғақты медицина. Дәрінің жанама әсері. Балалық шақтағы ауруларға дәрілік затты тағайындау, мөлшерін таңдап алу, тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалаудың клиникалық-фармакологиялық ықпалын негіздеу. Нақты сырқаттың ауыр жағдайын, қосалқы патологиясын, жасын, жынысын ескере отырып, дәрілік заттарды дұрыс таңдап тағайындауға үйрету.	360
КПМК 47	Балалар хирургиясы (II) Нәрестелердегі туа біткен кемістіктерді ерте анықтау, консервациялық және операциялық емдеу. Балалардағы жіті іш, салыстырмалы диагноз. Порталды гипертензия синдромы. Гиршпрунг дерті. Балалардағы ірінді	180

6 кестенің жалғасы

1	2	3
	хирургиялық жұқпалы аурулар: тері, сүйек жүйесі – диагноз, салыстырмалы диагнозы, емдеу тәсілдері. Балалар урологиясы – даму аномалиялары, гидронефроз, рефлюкстер. Балалардағы сынық ерекшеліктері, диагностикасы, емдеу тәсілдері. Балалар онкологиясы. Балалар хирургиясындағы айғақты медицина.	
КПМК 48	Реанимация және қарқынды терапия ДДҰ ұсынымына сәйкес сәйкес нәрестелер мен әртүрлі жастағы балаларға арналған реанимациялық және қарқынды терапия бөлімшесінің ұйымдасуы мен жұмысы. Балалар реанимациясы және қарқынды терапиясындағы айғақты медицина. Жүрек-өкпе-ми реанимациясы. Инфузионды ем, парентералды тамақтандыру. Гемотрансфузия. Гемодинамика бұзылыстары. Педиатриядағы шұғыл жағдайларда көрсетілетін қарқынды терапия мен реанимация. Нәрестелердегі ерекшеліктер.	180
КПМК 49	Визуалды диагностика (II) Балаларда кескінді диагностика ерекшеліктері. Туа біткен жарақаттар мен ОНЖ интранаталды зақымдалуында балаларға қолданылатын кескінді диагностика тәсілдері. Балалардағы кескінді диагностика: жүрек пен қан тамырлардың, тыныс алу ағзалары, ас қорыту ағзалары, бүйрек, зәр шығару жолдары, эндокринді жүйе. Даму кемістіктері мен аурулардың кескінді көрінісі. Балалардағы жіті, созылмалы қабынбалы аурулардың, нефролитиаздың, поликистоздың кескінді көрінісінің ерекшелігі. Тірек-қимыл аппаратын кескіндеу. Жамбас-сан буыны дисплазиясын, буындағы қабынбалы дертті анықтаудағы кескінді әдістердің маңызы.	180
КПМК 50	Балалар неврологиясы (II) Балалар неврологиясындағы зерттеулердің негізгі әдістері, топикалық диагностикасы. Нерв жүйесінің пренаталды және перинаталды	180

6 кестенің жалғасы

1	2	3
	зақымдалулары. БЦС және ең төменгі ми дисфункциясы. Гидроцефалия. Микроцефалия. Невроздар мен невроз тәрізді жағдай. Эпилепсия. Вегетативті нерв жүйесінің аурулары. Жұқпалы аурулар мен ішкі ағзалар патологиясындағы нерв жүйесінің зақымдалулары. Нерв жүйесінің тұқым қуалайтын аурулары. Балалар неврологиясындағы шұғыл жағдайлар.	
КІТК	Таңдау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестация	144
	Қорытынды	3384

7 кесте «Акушерлік және гинекология» дайындауға бағытталған пәндер мазмұны (АГ)

Пәндер циклдері	Пән және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
КП	Кәсіптендіру пәндері	3240
КПМК	Міндетті компонент	2880
КПМК 51	Акушерлік және гинекология Ұрық жағдайын зерттейтін әдістер, босануға организмнің дайындығы туралы түсінік. Босану қызметін тіркеу әдістері, ДДҰ ұсынымына сәйкесбосандыруға жетекшілік ету. Гестоздар. Экстрагениталды патология. Ұрықтың жамбаспен келуі, көп ұрықты жүктілік, ұрықтың теріс келу, ана мен ұрық қанының иммунологиялық сәйкессіздігі. Гестациялық мерзімінен ерте немесе кеш босану, жүктілік кезінде қан кету, босану, босанудан кейінгі кезең, босану қызметінің ауытқулары, босану кезіндегі ана мен ұрықтың жарақаттары, босанудан кейінгі іріңді-септикалық аурулар. АҚТК/ЖҚТБ және жүктілік. Туберкулез және жүктілік. Операциялық акушерлік. Гинекологиялық	1260

7 кестенің жалғасы

1	2	3
	ауруы бар сырқатты қараудың, диагностикалаудың, салыстырмалы диагностика жүргізудің жаңа әдістері. Қабынбалы ауруларды, ісіктерді, нейроэндокринді синдромдарды, етеккір қызметінің бұзылуын емдеудің консервациялық және операциялық әдістері. Жыныс ағзаларының даму кемістіктері. Гинекологиядағы шұғыл көмек. ДДҰ ұсынымына сәйкес перзентханада нәрестелерге медициналық қызмет пен күтімді ұйымдастыру. Нәрестелердің гипоксиясы мен асфиксиясы. Нәрестелер реанимациясы. Нәрестелер жағдайын бағалау. Перинаталдық сырқаттану мен өлім-жітім. Мерзімінде және шала туған нәрестелердің бейімделу кезеңінің физиологиясы және ерекшеліктері. ДДҰ ұсынымына сәйкес нәрестелік кезеңдегі ауруларды анықтаудың жаңа критерийлері мен емдеу хаттамалары. Зертханалық диагностикалық әдістер мәліметтерін саралау. Акушерлік және гинекологиядағы клиникалық фармакология.	
КПМК 52	Анестезиология мен реанимация (АГ) Анестезиология, реанимациялық және қарқынды терапия бөлімшесінің ұйымдасуы мен жұмысы. Анестезиология мен реанимациядағы айғақты медицина. Наркозға сырқатты дайындау. Медикация алды, мақсаты және құралдары. Анестетик түрлері. Акушерлік практикадағы емдік наркоз. Жүкті әйелдерге қолданылатын анестезиологиялық қосымшалардың ерекшелігі. «Кесар тілігі» операциясын анестезиологиялық қамтамасыз ету. Ерте операциядан кейінгі кезеңнің ерекшеліктері. Инфузиялы терапия, парентералды тамақтандыру. Гемотрансфузия. Акушерлік - гинекологиялық практикадағы шұғыл жағдайларға көрсетілетін қарқынды ем мен реанимация.	360

7 кестенің жалғасы

1	2	3
КПМК 53	Клиникалық анатомия және операциялық хирургия (АГ) Клиникалық анатомияны зерттеп тану әдістері. Кіші жамбас қуысында орналасқан ағзалардың клиникалық анатомиясы. Операциялық емшаралардың негізгі принциптері. Хирургиялық операциялар, түрлері (радикалды, паллиативті, диагностикалық). Хирургиялық құралдар. Тіндерді ажырату мен қабыстырудың тәсілдері мен ережелері. Ультрадыбыс, лазер, желімдеуші затын қолдану. Тігу материалдары. Механикалық тігу. Тігу түрлері. Жергілікті жансыздандыру тәсілдері. Қан кетуді тоқтататын әдістер.	360
КПМК 54	Клиникалық фармакология (АГ) Клиникалық фармакология мен фармакодинамиканың жалпы мәселелері: клиникалық фармакодинамика, клиникалық фармакокинетика, фармакогенетика, фармакоэпидемиология, фармакоэкономика, формулярлы жүйе, рационалды фармакотерапия негізі, клиникалық фармакологияның этикалық және әлеуметтік аспектілері, айғақты медицина. Дәрілік заттардың жанама әсері. Акушерлік-гинекологиялық практикада дәрілік затты тағайындау, мөлшерін тандап алу, тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалаудың клиникалық-фармакологиялық ықпалын негіздеу. Нақты сырқаттың ауыр жағдайын, қосалқы патологиясын, жасын, жынысын ескере отырып, дәрілік заттарды дұрыс тандап тағайындауға үйрету.	180
КПМК 55	Онкология маммологиямен (АГ) ҚР онкологиялық қызметін ұйымдастыру. Онкологиядағы есепке алу құжаттары. Онкологиялық сырқаттардың клиникалық топтары. Онкология саласында диспансерлеу принциптері. Обыр алды ісігі (облигатты	180

7 кестенің жалғасы

1	2	3
	және факультативті обыр алды). ҚТІ сатылар (I-IV сатылары) мен TNM жүйесі бойынша клиникалық жіктемесі. Сырқаттану, факультативті және облигатты обыр алды ісігі. TNM жүйесі мен сатылары бойынша гистологиялық және патоморфологиялық жіктемесі, клиникасы, ҚТІ негізгі орналасуына байланысты диагностикалық және емдеу әдістері: дене мен жатыр мойыны, аналық бездердің, сыртқы жыныс ағзаларының обыр ісігі, трофобластикалық аурулар. Сүт безінің обыр алды ауруы мен обыр ісігі. Сырқаттану, қауіп факторлары. Жіктемесі. Клиникасы. Диагностикалық, кешенді және үйлестірілген емдеу әдістері. ҚТІ асқынған түрлерінде сырқаттарға паллиативті және симптоматикалық көмек көрсету. Маммологиясы бар онкология жағдайындағы айғақты медицина.	
КПМК 56	Визуалды диагностика (АГ) Жүкті әйелдердегі экстрагениталды патологияларды анықтаудағы кескінді әдістердің маңызы. Жыныс ағзаларының даму кемістіктері мен аномалиялары. Жатыр мен аналық бездердің қабынбалы аурулары. Жыныс ағзаларының қатерсіз және қатерлі ісіктері. Акушерлікте қолданылатын кескінді зерттеу әдістері (УДЗ, МРТ). Жүктіліктің әртүрлі кезеңінде ұрықтың даму жағдайын бағалайтын кескінді диагностика. Қалыпты және патологиялық ағымдағы жүктіліктің кескінді диагностикасы.	180
КПМК 57	Балалар гинекологиясы (АГ) Қазақстан Республикасында балаларға гинекологиялық көмекті ұйымдастыру. Жас шамасына байланысты қыз балалардағы жыныс ағзалары қалыптасуының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Жыныстық жетілу кезеңдері мен етеккір	180

7 кестенің жалғасы

1	2	3
	циклының физиологиясы. Өзіне тән емес және өзіне тән этиологиялы жыныс ағзаларының қабынбалы аурулары. Қыздардың жыныс ағзаларының ісіктері. Қыздардың жыныс ағзаларының даму аномалиялары. Балалар гинекологиясындағы «жіті іш». Қыздардың жыныс ағзаларының жарақаттары. Жасөспірім шақтағы жүктілік ағымы мен босану ерекшеліктері. Қыз балалар гигиенасы, жыныстық тәрбие, контрацепция. Балалар гинекологиясындағы айғақты медицина.	
КПМК 58	Венерология (АГ) Жыныс жолдарымен берілетін аурулардың – этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникасы, диагностикалау, емдеу, алдын алу. Венерологиялық аурулары бар сырқаттарды зерттеу әдістері. Мerez – этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникалық көріністері; дерт кезеңдері: алғашқы, екінші, үшінші. Диагностикалау, емдеу, алдын алу. Соз - этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникасы, диагностикалау, емдеу, алдын алу. Венерологиядағы айғақты медицина.	180
КПТК	Тандау бойынша компонент	360
МҚА	Мемлекеттік қорытынды аттестация	144
	Қорытынды	3384

10 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бітірушілерді даярлайтын білім беру ортасына қойылатын талаптар

10.1 Оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу жылының құрылымын анықтауды жоғарғы оқу орны (бұдан әрі - ЖОО) өзі шешеді.

ЖОО академиялық еркіндік шеңберінде оқу жылын академиялық кезеңдерге бөледі (семестр - 18 апта, триместр – 12 апта, ықшам семестр - 9 апта) және өзінің қалауы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың блоктік-модульді жүйесін енгізеді. Академиялық сағаттың ұзақтығы 50 минутты құрайды.

Секцияларда дене шынықтыру дайындығы факультатив сабақ түрінде өткізіледі.

Әскери даярлық Әскери даярлық 450 сағат көлемінде «Мемлекеттік органдардың азаматтарды әскери қызметке дайындауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету ережелері» туралы ҚР Үкіметінің 24.05.2006 ж. № 449 қаулысы, 6-тар. сәйкес жүзеге асырылады, 450 сағат.

Оқу үдерісінің барлық оқу, бақылау шаралары, өндірістік практикалар, демалыстар ұзақтығы мен мереке күндері білім беру ұйымының басшысы бекіткен академиялық күнтізбеде көрініс табады.

Оқу шараларында теориялық оқудың барлық кезеңі қамтылуы тиіс, оның ішінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, практикалық, зертханалық және курстық жұмыстары да ескеріледі.

6 және 7-курс студенттеріне білім беру мынадай алты бағыт бойынша интернатура түрінде ұйымдастырылады: жалпы дәрігерлік практика, гигиена және эпидемиология, ішкі аурулар, хирургия, педиатрия, акушерлік және гинекология. Интернатурада оқу үдерісін ұйымдастыру «Интернатура туралы ережеге» сәйкес жүргізіледі.

Бақылау іс-шаралары ағымдағы бақылауды, аралық аттестаттаудың (сынақ-емтихан сессиясы), 3-курстан кейін мемлекеттік аралық бақылау және мемлекеттік қорытынды аттестаттауды қамтуы тиіс.

Қорытынды мемлекеттік аттестация – мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының талаптарына сәйкес жоғары оқу орнын бітіретін бітірушілердің білім деңгейін, икемділіктерін, қабілеттілігі мен жетіктігін анықтайтын бақылау түрі.

Қорытынды аттестаттау 5-курстан кейін екі кезеңмен өткізіледі:

1-кезең – типтік оқу жоспарына сәйкес кәсіптік арнайы пәндер бойынша тұтастырылған тестілі емтихан тапсыру;

2-кезең – жедел жағдайда практикалық икемділіктерін тексеріп, аттестаттау.

5-курстан кейін білім алуды аяқтаған тұлғаға медицина бакалавры академиялық дәрежесімен диплом беріледі.

7-курстан (интернатурадан) кейін қорытынды аттестаттау екі кезеңмен өткізіледі:

1-кезең – типтік оқу жоспарына сәйкес интернатураның барлық пәндері бойынша тұтастырылған тестілі емтихан тапсыру;

2-кезең – таңдап алған мамандық бойынша практикалық икемділіктерін тексеріп, аттестаттау.

Мемлекеттік қорытынды аттестаттауды бекітілген ережелерге сәйкес Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жүргізеді.

10.2 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша жоғары білім алу үдерісінің аяқталуын анықтайтын негізгі көрсеткіштері.

10.2.1 5 жыл 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша жоғары білім алу үдерісінің аяқталуын анықтайтын негізгі көрсеткіштер: студенттер теориялық оқудың кем дегенде 8100 академиялық сағат және өндірістік практиканың кем дегенде 468 академиялық сағатты меңгеруі болып табылады. Мұнда студент міндетті компоненттің кемінде 7569 академиялық сағатты, таңдау компонентінің кемінде 531 академиялық сағатты меңгеруі тиіс.

10.2.2 НМБ (5+2) 051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша жоғары білім алу үдерісінің аяқталуына байланысты негізгі көрсеткіштер: студенттер теориялық оқуда 11340 академиялық сағат және өндірістік практикада кем дегенде 468 академиялық сағаттарды игеруі. Сонымен қатар, студенттер міндетті компоненттер бойынша кемінде 10449 академиялық сағат және таңдалған компоненттер бойынша 891 академиялық сағатты игеруге міндетті.

10.3 Дипломдық жұмыс (жоба) ұсынылмайды.

10.4 Бір академиялық мерзімде студенттер 810 академиялық сағатты меңгеруі қажет.

10.5 Сырттай және қашықтан оқыту түрлері ұсынылмайды.

10.6 Оқу үдерісінің ақпараттық қамтамасыз етілуі оқулықтар, ғылыми, ақпараттық қорлар, халықаралық ғылыми-практикалық мәліметтер, электронды кітапхана арқылы іске асырылады.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша жоғары білім беру бағдарламасы әрбір студенттің кітапхана қорын, пәндер және өндірістік практика бойынша силлабусты, әдістемелік қосымшалар мен аудио-бейне материалдарды, көрнекі құралдарды (муляждар, мүрделер, фантомдар, емделушілерге арналған медициналық планшеттер, арнайы құралдар, медициналық құрал-жабдықтар) еркін пайдаланып, оқып-үйрену арқылы іске асады.

Базалық және кәсіптендіру пәндер циклдары бойынша практикалық, семинар сабақтар, ал жалпы білім беру және базалық пәндер бойынша практикалық, зертханалық сабақтар өткізіледі.

Клиникалық пәндер бойынша білім беру үдерісіне сәйкес клиникалық кешеннің болуы тиіс («Білім туралы» ҚР Заңының 25-бабы). Клиникалық кешендер туралы ережелерді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Кітапхана қоры мамандық бойынша оқу қызметінде көрсетілген біліктілік талаптарына сай тағайындалған қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттерді қамтуы тиіс.

10.7 Кейіннен студенттердің өз бетінше жұмыс істеуіне акцентті күшейте отырып, әдістемелік сүйемелдеу.

Студенттердің өз бетінше жұмысы нақты пәнді зерделеуге бөлінген академиялық сағаттардың жалпы санының 1/3 құрайды және оқудан тыс

кезде жүзеге асырылады. Оның көлемі мен мазмұны пәннің типтік оқу бағдарламасымен белгіленеді.

10.8 Білім беру процесін қамтамасыз етудің негізі материалдық-техникалық шамасы (параметрі) мынандай технологиялық мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған:

- сабақ өтетін бөлменің аумақтық нормативін сақтау;
- оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес техникалық оқу құралдарының болуы;
- қазіргі кездегі ақпараттық технологияның талаптарына сай келетін компьютерлік сыныптардың Интернетке және Интранетке қосылуы, ЖОО мен кафедралардың Интернетте өздерінің веб-сайттарының болуы;
- оқу-әдістемелік және зерттеу жұмыстарын көшіріп көбейтетін техникалармен қамтамасыз ету;
- оқу процесінде аудиовизуальды аспаптарды қолдану;
- оқу бөлмелері мен зертханаларды практиканың талабына сәйкес жабдықтау.

10.9 Практиканы қамтамасыз ету: оның құрылымы, практика өтетін негізгі жердің жұмысын ұйымдастыру, нәтижесін қорытындылау.

Оқу, оқу-өндірістік және өндірістік (диплом алдындағы) практикалардың мазмұны, ұйымдастыру жолдары практиканы өтуге арналған типтік бағдарламада көрсетіледі.

Практика өткізілетін жерге денсаулық сақтау жүйесіндегі мекемелер, ұйымдар, өндірістік орындар, оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары жатады.

Студенттер оқу-әдістемелік бағдарлама, күнделік тәрізді материалдармен (бағдарлама, күнделік және т.б.) қамтамасыз етіледі.

Практиканың ойдағыдай өтілуіне ЖОО немесе кафедра тарапынан әрі практикаға база болып отырған мекеме тарапынан бақылауға алынып, жетекшілік жүргізіледі.

Практиканы өтудің нәтижесі жазбаша түрде есеп беріліп немесе ЖОО комиссиясы алдында жауап беріп қорытындылады.

10.10 Академиялық және қосымша қызметкерлер құрамының сандық және сапалық көрсеткіші.

051301 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша жоғары білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласында ғылыми, ғылыми-әдістемелік және/немесе практикалық қызметпен айналысатын, кәсіптік пәндер бойынша арнайы дайындалған ғылыми-педагогикалық мамандар қамтамасыз етуі тиіс.

Академия қызметкерлерінің бакалвр, магистр, ғылым докторы және/немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері болуы керек. Клиникалық кафедраларда практикалық денсаулық сақтау саласынан жоғары және бірінші дәрігерлік біліктілік санаты бар мамандар тартылуы мүмкін.

10.11 Талапкерлердің дайындық деңгейіне және қабылдау, бағалау нормаларына қойылатын талаптар.

Талапкердің білім деңгейі – жалпы орта және кәсіптік орта білім. Талапкердің мемлекеттік үлгідегі жалпы орта немесе кәсіптік орта білімі туралы құжаты болуы тиіс.

Қабылдау рәсімдері Қазақстан Республикасы Жоғары білім беру мекемесінің типтік ережесіне сәйкес бекітіледі.

